5 ҚАРАША,
БЕЙСЕНБІ,
2026 ЖЫЛ
№122 (23 736)

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

95 ЖЫЛ

www.ortalyq.kz | www.instagram.com/ortalyq.kz/ | www.facebook.com/ortalyq.kz/ | info@ortalyq.kz

Ашық әңгіме, ортақ мүдде
3-бет



Бал дәуреннің жыршысы
5-бет



Қасым жырын қастерлеп...
8-бет



Жолдау жүктеген жауапкершілік зор

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ | ЖАҢА ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЗЕКТІ МІНДЕТТЕРІ 2026

Мемлекет дамуының жаңа кезеңінде қолға алынған әрбір бастаманың өміршеңдігі оның нақты нәтижесімен өлшенбек. Өндірісті өркендету, инфрақұрылымды жаңғырту, энергетикалық әлеуетті арттыру және халықтың әл-ауқатын жақсарту – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Жолдауында айқындалған басты басымдықтар. Әсіресе, өндірісті Қарағанды өңірі үшін бұл міндеттердің маңызы айрықша. Өйткені, ел экономикасының елеулі жүгін арқалап отырған аймақтағы әрбір өндірістік серпіліс пен әлеуметтік жаңғырудың игілігін тұтас республика сезінеді. Осы орайда, Қарағандыда республикалық ақпараттық-насихат тобының мүшелері облыс активімен кездесіп, Жолдаудан туындайтын міндеттерді жүзеге асырудың нақты тетіктерін талқылады.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Елдік міндет

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өткен алқалы басқосуға Құрылтай депутаттары, орталық мемлекеттік органдардың өкілдері, Қазақстан Халық Кеңесінің мүшелері мен өңірдің қоғамдық белсенділері қатысты. Жиында Мемлекет басшысы белгілеген стратегиялық бағыттардың аймақ экономикасына ықпалы, оларды жүзеге асырудың заңнамалық және қаржылық тетіктері, өндіріс пен әлеуметтік саланы дамытудың жаңа мүмкіндіктері кеңінен сөз болды.

Басқосуды ашқан облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Президенттің Жолдаудан кейінгі алғашқы жұмыс сапарын Қарағанды облысынан бастағанына айрықша тоқталды. Өңірдегі іргелі кәсіпорындардың жұмысымен танысып, еңбек ұжымдарымен жүздесуі индустриялық аймақтың ел дамуындағы орны мен әлеуетін айқындай түсетінін атап өтті.

– Бұл – еліміздің индустриялық дамуына қомақты үлес қосып отырған өңіріміздің стратегиялық маңызына берілген жоғары баға. Сонымен бірге, облыс алдына қойылған міндеттердің ауқымын және бізге жүктелген зор жауапкершілікті аңғартады, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Аймақ басшысының айтуынша, Президент Жолдауынан туындайтын міндеттер Қарағанды облысында бес негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылмақ. Олар – инфрақұрылымды жаңғырту, экономиканы әртараптандыру, энергетикалық қауіпсіздікті нығайту, адами капиталды дамыту және мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру. Бір-бірімен сабақтас бұл басымдықтар өңірдің алдағы даму бағдарына негіз болмақ.

Әсіресе, Мемлекет басшысы ұсынған «Халықтық құрылыс» бастамасының экономикалық қайтарымына баса назар аударылды. Ауқымды инфрақұрылымдық жобалар жаңа нысандар салумен ғана шектелмейді. Олар отандық кәсіпорындардың өндірістік қуатын арттыруға, шағын және орта бизнесті ілгерілетуге, жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді. Түптеп келгенде, құрылысқа бағытталған инвестиция экономиканың өзге салаларына да серпін беруге тиіс.

Бұл ретте Қарағанды облысының өндірістік мүмкіндігі мол. Металлургия мен машина жасаудан бастап, құрылыс материалдарын өндіруге дейінгі кәсіпорындар ауқымды жобаларды жүзеге асыруға үлес қоса алады. Ендігі міндет – республикалық деңгейде қолға алынған бастамаларды жергілікті өндіріс әлеуетімен ұштастырып, мемлекеттік қолдау мен кәсіпкерлік мүмкіндіктерін тиімді үйлестіру.

Өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері мен алдағы мүмкіндіктері арнайы бейнематериалда да таныстырылды. Ал республикалық ақпараттық-насихат тобының өкілдері Жолдаудағы міндеттердің қоғамдық, құқықтық және экономикалық мәніне тоқталып, оларды жүзеге асырудың негізгі бағыттарын тарқатты.

Жаңғырудың өзегі

Жаңа тарихи кезеңдегі мемлекеттік реформалардың түпкі мұраты – адам игілігі. Саяси жүйедегі өзгерістерден бастап, экономика мен әлеуметтік саланы жаңғыртуға дейінгі бастамалардың барлығы халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталуға тиіс. Жиында сөз алған Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаты, Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы Асхат Аймағамбетов осы мәселеге айрықша назар аударды.

▶ 2-бет

Цифрлық дәуірдің жаңа кеңсесі

Қарағанды қаласында Apple Store тұжырымдамасы негізінде әзірленген заманауи AI-кеңсе ашылды. Тұрғындарға мемлекеттік және сервистік қызметтерді бір кеңістікте алуға мүмкіндік беретін жаңа форматтағы орталық. Жоба өңірде цифрлық технологияларды дамытуға, жасанды интеллект мүмкіндіктерін кеңінен пайдалануға және халыққа қызмет көрсету сапасын арттыруға бағытталған.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жоба Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Олжас Бектеновтің тапсырмасы аясында жүзеге асырылды.

– Бүгін Қарағанды қаласында кезекті AI-кеңсенің ашылуына куә болып отырмыз. Жыл басынан бері Үкіметтің тапсырмасына сәйкес еліміздің бірқатар өңірінде осындай орталықтарды ашу жұмыстары жүргізіліп келеді. AI-кеңсе азаматтарға мемлекеттік қызметтерді өз бетінше алуға мүмкіндік береді. Мұнда жасанды интеллект негізіндегі GPT технологиясы енгізілген арнайы терминалдар орнатылған. Олар тұрғындарға қажетті қызметті таңдауға, оны алу жолдарын түсінуге және өтінім беруге көмектеседі. Орталық бірнеше аймаққа бөлінген. Ұсынылған «Халықтық құрылыс» бастамасының экономикалық қайтарымына баса назар аударылды. Ауқымды инфрақұрылымдық жобалар жаңа нысандар салумен ғана шектелмейді. Олар отандық кәсіпорындардың өндірістік қуатын арттыруға, шағын және орта бизнесті ілгерілетуге, жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді. Түптеп келгенде, құрылысқа бағытталған инвестиция экономиканың өзге салаларына да серпін беруге тиіс.



ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖЫЛЫ 2026 AI

Бірінші аймақта тұрғындар құжаттарын өздері сканерлеп, арнайы компьютерлер арқылы мемлекеттік қызметтерді алады. Күрделі қызметтерге арналған бөлек аймақта бейнебайланыс арқылы құжаттарды жолдап, өтінім беруге жағдай жасалған, – деді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының басқарма төрағасы Арман Кенжеғалиев.

AI-кеңсенің дәстүрлі ХҚКО-лардан басты айырмашылығы – мұнда операциялық терезелер жоқ.

▶ 4-бет

БАСПАСӨЗ-2027

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2027 жылға жазылу науқаны басталды. Күнделікті жаңалықтар, сараптамалық мақалалар, мәдениет пен спортқа арналған жарияланымдар, барлығы – бір газетте. «Ortalyq Qazaqstan» – сенімді ақпарат, салмақты сараптама!

Газетке 6 айға және 1 жылға жазылуға болады

Санаттар	Баламалы жазылым	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)		«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	12 айға 15 500 теңге	6 ай	16 109,75	11 162,53
		12 ай	32 219,50	22 325,06
Жеке жазылулар үшін	12 айға 7000 теңге	6 ай	7 529,07	6 912,53
		12 ай	15 058,14	13 825,06

Жеңілдікті тарифтер 25 қазаннан 25 қарашаға дейін (жылдық жазылым)

Санаттар	Баламалы жазылым 12 айға	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	11 500	27 219,50	16 825,05
Жеке жазылулар үшін	5800	12 858,13	11 725,05

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!
Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімделеді.«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнынсыз) баламалы жазылу жүргізіледі.

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-778-846-00-01, 8-705-902-04-05.
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

Каспи QR арқылы жазылуға болады

«Ortalyq Qazaqstan» – әр шаңыраққа!

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: ●EUR/KZT 506.7 ●USD/KZT 453.26 ●RUB/KZT 5.58 ●CNY/KZT 67.93
Қазақстан Ұлттық Банкінің 4 қараша, 2026 жылғы дерегі бойынша

Жолдау жүктеген жауапкершілік

(Соңы. Басы 1-бетте)



– Жүргізіліп жатқан өзгерістердің игілігін тек Астана мен ірі қалалардың тұрғындары ғана емес, Теміртаудағы металлург те, шахтадағы кенші де, Сарандағы кәсіпкер мен Абай ауданындағы мұғалім де, ауылдағы қарапайым азамат та сезінуге тиіс. Бүгінгі мемлекеттің егемендігі тек шекарада ғана емес, мектеп сыныптарында, университет зертханаларында және өндіріс орындарында да нығаяды. Сондықтан, экономика, ғылым, білім және мемлекеттік басқару мәселелері бір-бірінен бөлек қарастырылмайды, – деді Асхат Аймағамбетов.

Асхат Қанатұлы ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау мәселесіне де кеңінен тоқталды. Оның келтірген мәліметіне сүйенсек, елімізде мұндай санатқа жататын 237 мың бала бар. Алайда түйткіл тек олардың санында емес, отбасылардың күнделікті кездесетін қиындықтарында жатыр. Кейбір өңірлерде қажетті маман болғанымен, тиісті құрал-жабдық жетіспейді. Енді бір жерде оңалту орталығы болғанымен, кешенді қызмет көрсету мүмкіндігі шектеулі.

– Біз, ең алдымен, осы балалар мен олардың ата-аналары қандай қиындықтарға тап болғанын түсінуіміз керек. Сондықтан, баланы дүниеге келген сәтінен бастап бақылау, уақытылы скринингтің жүргізу, даму ерекшеліктерін ерте анықтау және медициналық, білім беру, әлеуметтік көмекті өзара үйлестіру көзделген кешенді заң жобасын дайындадық. Оны биылғы желтоқсан айында қабылдау жоспарланып отыр, – деді депутат.

Әлеуметтік жаңғырудың тағы бір маңызды бағыты – алғашқы медициналық-санитариялық көмектің сапасын арттыру. Келер жылдың 1 қаңтарынан бастап осы салада еңбек ететін мамандардың жалақысын өсіру бастамасы көтерілген. Бұл өзгеріс 77 мыңнан астам медицина қызметкерін қамтымақ. Өйткені, тұрғындар денсаулығына қатысты алғашқы көмекті ең алдымен емханалар мен учаскелік дәрігерлерден алады. Демек, бастапқы медициналық буынды нығайту тұтас денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігіне ықпал етпек.

Жаңа кезеңнің құқықтық негізі

Қоғамдық қатынастар өзгерген сайын құқықтық жүйенің де заман талабына бейімделуі заңдылық. Әсіресе, экономиканың цифрлануы, жаңа технологиялардың өмірге дендеп енуі мен кәсіпкерлік қатынастардың күрделене түсуі қолданыстағы заңнаманы қайта қарауды қажет етеді. Осы мәселеге тоқталған Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаты, Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрайымы Үнзила Шапақ жаңа Азаматтық кодексті әзірлеудің мән-маңызын тарқатты.

– Жаңа Конституция заңнаманы адамға бағдарланған қағидаттарға сәйкестендіруді талап етеді. Жаңа Азаматтық кодексте адамның құқықтық қорғалуын қамтамасыз ету, меншік пен зияткерлік меншік құқықтарын сақтау, инвесторларға берілетін кепілдіктерді күшейту маңызды орын алуы тиіс. Біз шетелдік тәжірибені сол күйінде көшірмей, ұлттық құқықтық жүйеміз бен қалыптасқан тәжірибемізді ескере отырып, елімізге лайықты нормаларды әзірлеуіміз қажет.

Қолданыстағы Азаматтық кодекстің Жалпы бөлімі 1994 жылы, Ерекше бөлімі 1999 жылы қабылданған. Нарықтық экономиканың қалыптасу кезеңінде маңызды рөл атқарған бұл құжатқа кейінгі отыз жылда 300-ден астам түзету енгізілген. Алайда, уақыт өте көбейген өзгерістер жекелеген құқықтық нормалардың өзара үйлесіміне әсер етіп, мұрагерлік, корпоративтік басқару, заңды тұлғаларды қайта ұйымдастыру секілді қатынастарды реттеуде белгілі бір қайшылықтар туғызған, – деді Үнзила Шапақ.

Депутат заңнаманың мемлекеттік тілдегі сапасына да арнайы тоқталды. Құқықтық терминдердің бірізді қолданылмауы заң мәтіндерін түсіну мен тәжірибеде пайдалануда қиындық туғызатыны белгілі. Мәселен, орыс тіліндегі «недвижимое имущество» ұғымының қазақша құқықтық қолданыста әртүрлі берілуі терминологияны жүйелеудің қажеттігін аңғартады. Сондықтан, жаңа кодексті әзірлеу барысында заң нормаларының мазмұнымен қатар, олардың тілдік дәлдігіне де назар аударылуға тиіс.

Инфрақұрылым мен инновация – дамудың қос тірегі

Ел экономикасының өркендеуі ең алдымен, оның инфрақұрылымдық әлеуетіне байланысты. Жаңа өндіріс орындарын ашу, халыққа қолайлы тұрмыс жағдайын қалыптастыру, өңірлер арасындағы экономикалық байланысты нығайту үшін заманауи инженерлік жүйелер қажет. Осы орайда Құрылтай депутаты Александр Данилов Мемлекет басшысының «Халықтық құрылыс» бастамасының мән-маңызына тоқталды.

Президент тапсырмасына сәйкес, 2029 жылдың соңына дейін Ұлттық қордан инфрақұрылымды жаңғыртуға шамамен 6,5 трлн теңге бағыттау жоспарланған. Ауқымды қаражаттың игілігі тек бой көтерген ғимараттар мен жаңарған жолдардың санынан ғана емес, тұрғындардың күнделікті тұрмысынан көрініс табуға тиіс.

– Құрылыс дегеніміз – тек бетон мен ғимарат немесе төселген жол ғана емес. Оның ар жағында әрбір отбасының тұрмыс сапасы, балалардың білім алу мүмкіндігі, тұрғындардың қауіпсіздігі мен жайлылығы тұр. Сондықтан, қолға алынған жобалар бір-бірінен бөлек емес, энергетика, көлік, өндіріс және әлеуметтік инфрақұрылым өзара сабақтасқан тұтас жүйе ретінде жүзеге асырылуға тиіс, – деді Александр Данилов.

Оның айтуынша, «Халықтық құрылыс» бастамасы отандық кәсіпорындарға да тың мүмкіндік береді. Ауқымды жобалар құрылыс материалдарына, металға, жабдықтар мен тасымалдау қызметтеріне сұранысты арттырады. Мұндай тапсырыстарға жергілікті өндірушілердің кеңінен қатысуы жаңа жұмыс орындарын ашып, шағын және орта бизнестің дамуына серпін бермек. Сонымен қатар, мемлекеттік қаражаттың тиімді жұмсалуын қадағалау, құрылыстың құны, мерзімі мен сапасы туралы ақпараттың қоғамға ашық болуы айрықша маңызды.

Инфрақұрылымды жаңғырту мәселесі цифрлық технологияларды дамыту міндетімен де тығыз байланысты. Құрылтай депутаты Айсұлу Сүлейменова да Мемлекет басшысы ұсынған халықтық цифрлық экономиканың мүмкіндіктерін кеңінен тарқатты.

– Біз дайын шетелдік бағдарламаларды сатып алумен ғана шектелмеуіміз керек. Елімізде білімді жастар, білікті IT-мамандар мен өзіндік өнім әзірлеуге қабілетті компаниялар бар. Университеттер мен колледждерді өндіріс орындарымен байланыстыра отырып, өз технологияларымызды дамытуға мүмкіндік мол. Ең бастысы, цифрландырудың нәтижесін сатып алынған бағдарламалардың санымен емес, азаматтардың уақыты қаншалықты үнемделгенімен, кәсіпкердің жұмысы қаншалықты жеңілдегенімен және өндірістегі қауіпсіздіктің артуымен өлшеуіміз қажет, – деді Айсұлу Сүлейменова.

Депутат цифрлық экономиканың игілігі ірі қалалармен ғана шектелмеуге тиіс екенін де атап өтті. Ауылдағы кәсіпкердің өз өнімін еліміздің өзге өңірлеріне өткізуі үшін сапалы интернет, қолжетімді төлем жүйесі мен тиімді логистика қажет.



Экономикалық өсімнің қос тірегі

Өндірістің өрісін кеңейтіп, экономиканың әлеуетін арттыру үшін қолайлы инвестициялық орта мен орнықты энергетикалық жүйе қажет. Бірі кәсіпкерлік бастамалардың жүзеге асуына жол ашса, екіншісі жаңа өндіріс орындарының үздіксіз жұмыс істеуіне негіз болады. Жиында сөз алған Ұлттық экономика вице-министрі Ерлан Сағнаев Мемлекет басшысының Жолдауында белгіленген экономикалық міндеттерді жүзеге асырудың негізгі тетіктерін таныстырды.

Ұлттық банк және Қаржы нарығын реттеу агенттігімен бірлесіп, инфляциялық қысымды төмендету, ішкі нарықты отандық тауарлармен толықтыру және негізсіз делдалдық тізбектерді қысқарту шаралары жүргізілмек. Экономиканы әртараптандыруда шағын және орта кәсіпкерліктің үлесі де зор. Осыған байланысты орта бизнесті дамытудың арнайы жоспарын әзірлеу, кәсіпкерлердің мемлекеттік сатып алуларға қатысу мүмкіндігін кеңейту және қолданыстағы әкімшілік кедергілерді азайту мәселелері күн тәртібіне шықты. Микро және шағын кәсіпкерлікке қатысты үш жылдық мораторий тетігінің ықпалы да жан-жақты зерделенуде, – деді Ерлан Сағнаев.

Вице-министр мемлекеттік қолдау тетіктерін цифрландыру мәселесіне де тоқталды. Атап айтқанда, кәсіпкерлерге арналған бірыңғай жеке кабинет – E-Gov Business платформасын қалыптастырып, мемлекеттік қызметтер мен қолдау шараларын бір жүйеге біріктіру жоспарланған. Сонымен бірге экономикалық үдерістерді болжау, түрлі сценарийлерді саралау және басқарушылық шешімдердің тиімділігін арттыру үшін жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалану көзделіп отыр.

Энергетика вице-министрі Бақытжан Ильяс елдің энергетикалық әлеуетін арттыруға бағытталған жоспарларды таныстырды.

– Ел аумағында 254 энергетикалық нысан жұмыс істейді. Оның 178-і жаңартылатын энергия көздеріне жатады. Электр станцияларының жалпы белгіленген қуаты 27,1 гигаватты құраса, соның 13,7 гигаваты көмір генерациясының үлесінде. Энергия өндіру мен тұтыну арасындағы айырмашылық та назар аударарлық. Өткен жылы елімізде 112,1 млрд кВт·сағат электр энергиясы өндірілген. Ал, тұтыну көлемі 115,6 млрд кВт·сағатқа жеткен. Яғни, ішкі өндіріс пен тұтыну арасындағы айырма 3,5 млрд кВт·сағатты құраған. Бұл көрсеткіштер жаңа энергетикалық қуат көздерін іске қосудың маңызын айқындай түседі. Жоспар бойынша 2029 жылдың соңына дейін жалпы, қуаты 13,3 гигаватт болатын жаңа энергетикалық нысандар пайдалануға берілуге тиіс. Оның 7,4 гигаваты дәстүрлі генерацияға, 5,9 гигаваты жаңартылатын энергия көздеріне тиесілі. Жоспарланған жобалар жүзеге асқан жағдайда электр қуатының қолжетімді резерві артып, елдің энергетикалық тұрақтылығын нығайтуға мүмкіндік туады, – Бақытжан Ильяс.

Әлеуметтік әділет – нақты жауапкершілік

Экономикалық өсімнің игілігі ең алдымен, халықтың әл-ауқатынан көрініс табуға тиіс. Сондықтан, Мемлекет басшысының Жолдауында әлеуметтік саясаттың тиімділігін арттыру, мемлекеттік қолдауды шын мұқтаж азаматтарға бағыттау мәселесіне айрықша мән берілген. Осы бағыттағы өзгерістерді тарқатқан Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Бахтияр Жазықпаев әлеуметтік көмектің жаңа тәсілдері мен оларды жүзеге асыру тетіктеріне тоқталды.

– Мемлекеттік қолдау шын мәнінде көмекке мұқтаж азаматтарға жетуге тиіс. Біздің міндетіміз – әлеуметтік төлемдерді тағайындаумен ғана шектелмей, әр отбасының нақты жағдайын ескеретін, азаматтардың әл-ауқатын арттыруға ықпал ететін тиімді жүйе қалыптастыру. Осы мақсатта 30 ақпараттық жүйені біріктіру жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, жергілікті атқарушы органдар жанынан құрылған мобильді топтар тұрғындардың нақты тұрмыс жағдайын зерделеуге тартылған. Сондықтан әлеуметтік көмектің атаулылығын күшейтіп, жаңа тәсілдердің нәтижелілігін пилоттық жобалар арқылы бағалау маңызды, – деді Бахтияр Жазықпаев.

Жиында қозғалған мәселелерді қорытындылаған облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев республикалық ақпараттық-насихат тобының ұсыныстарын өңірде жүзеге асырудың нақты міндеттерін белгіледі. Аймақ басшысы Жолдауда айқындалған басымдықтар әрбір қала мен ауданның даму жоспарынан көрініс табуы қажеттігін атап өтті.

Осыған сәйкес, облыс әкімінің орынбасарларына, басқарма басшыларына және қала, аудан әкімдеріне Президент тапсырмаларын іске асыру жөніндегі жоспар-кестелер әзірлеу жүктелді. Әрбір құжатта атқарылатын іс-шаралар, олардың орындалу мерзімі, жауапты тұлғалар мен күтілетін нәтижелер нақты көрсетілуге тиіс. Жоспарлар облыстың экономика басқармасына ұсынылып, соның негізінде бірыңғай өңірлік іс-қимыл жоспары қалыптастырылмақ.

Әкім айрықша назар аударған міндеттің бірі – Қарағанды, Теміртау және Балқаш қалаларының цифрлық негіздерін жасау. Бұл бағытта қалаларды дамыту жоспарларын әзірлеп, олардың Үкімет деңгейінде бекітілуін қамтамасыз ету тапсырылды. Мұндай технологиялық шешімдер қалалық инфрақұрылымды жоспарлаудың жаңа мүмкіндіктерін ашуға тиіс.

Сонымен қатар, өңір экономикасын әртараптандыру, геологиялық барлауға инвестиция тарту, құрылыс материалдарын өндіретін жаңа кәсіпорындар ашу мәселелері де назардан тыс қалмады. Әсіресе, ірі өнеркәсіп орындары мен шағын және орта бизнес арасындағы өндірістік байланысты нығайту, офтейк-келісімшарттар арқылы жергілікті кәсіпорындарды тұрақты тапсырыспен қамтамасыз ету міндеті қойылды. Бұл өндірістік әлеуеті жоғары Қарағанды облысы үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашпақ.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Ел мұраты маңызды

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінде Қазақстан Республикасы Президентінің «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Жолдауын түсіндіру мақсатында Республикалық ақпараттық түсіндіру тобының мүшелері студенттермен және профессор-оқытушылар құрамымен кездесті.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кездесуге Құрылтай депутаты, Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы Асхат Аймағамбетов, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Бахтияр Жазықпаев, Қарағанды облыстық ұлттық спорт түрлері қауымдастығының төрағасы Нұркен Кобжанов, мемлекет және қоғам қайраткері Құдайберген Бексұлтанов, Қазақстан Халық Кеңесінің мүшелері Бекзат Алтынбеков пен Әйгерім Исбекова қатысты.

Жиын барысында Мемлекет басшысының Жолдауында белгіленген негізгі міндеттер, білім беру жүйесін дамыту, әлеуметтік саясат, жастарды қолдау және адами капиталды қалыптастыру мәселелері талқыланды.

Құрылтай депутаты Асхат Аймағамбетов кездесудің ашық диалог форматында өтуінің маңызын атап өтті. Оның айтуынша, Жолдауда көтерілген мәселелерді талқылаумен қатар, нақты ұсыныстар әзірлеуге де мүмкіндік бар. Әсіресе мемлекеттік және жергілікті басқару, заң және экономика бағытында білім алып жатқан жастардың пікірін ескеру маңызды.

– Мемлекет басшысының биылғы Жолдауы мазмұны мен маңызы жағынан ерекше. Өйткені бұл – жаңа Конституция қабылданғаннан кейінгі алғашқы Жолдау. Конституциялық өзгерістерден кейін еліміздің саяси жүйесінде елеулі жаңару болды. Endігі мәселе – осы өзгерістерден кейін Қазақстанның даму бағыты қандай болмақ, алдағы уақытта қандай міндеттер жүзеге асырылуы керек деген сауалдарға жауап табу, – деді Асхат Аймағамбетов.

Депутат әлемдегі геосаяси ахуал мен жасанды интеллектінің қарқынды дамуы елдің жаңа сын-қатерлерге бейімделуін талап ететінін жеткізді. Оның сөзінше, Оқу-ағарту министрлігі жүргізген зерттеу нәтижесіне сәйкес, оқушылардың 70 пайыздан астамы жасанды интеллектіні жиі қолданады. Бұл білім беру жүйесінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану қажеттігін көрсетеді. Сонымен қатар, Жолдауда көтерілген Қазақстанның жаңа ұзақ мерзімді даму стратегиясын әзірлеу бастамасына тоқталды. 1997 жылы қабылданған «Қазақстан – 2030» стратегиясының ел дамуының негізгі бағдарын айқындағанын атап өтіп, жаңа стратегиялық құжатты әзірлеуге академиялық қауымдастықтың, ғалымдар мен студенттердің белсенді қатысуы қажеттігін айтты.

Мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту да назардан тыс қалған жоқ. Депутаттың пікірінше, жасанды интеллектіні енгізу мен мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру басқару жүйесіне жаңа талаптар қойып отыр. Осыған байланысты мемлекеттік басқару құрылымын заман талабына сай жетілдіріп, реформалар әзірлеуде университеттердің ғылыми әлеуетін пайдалану маңызды. Білім беру саласына қатысты сөзінде Асхат Аймағамбетов педагогтердің кәсіби қызметіне қатысы жоқ міндеттерден босатылуы керектігін атап өтті. Мұғалімдердің артық есептілігі мен қағазбастылығын азайтып, олардың негізгі жұмысына – білім беру мен тәрбиеге басымдық беру қажет. Бұл бағытта арнайы заң жобасы әзірленгенін жеткізді.

Бұдан бөлек, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау мәселесі де қозғалды. Депутат кейбір елдімекендерде арнайы мамандардың, оңалту орталықтары мен психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың жеткіліксіз екенін айтты. Оның сөзінше, әр балаға тұрғылықты жеріне қарамастан сапалы көмек алуға мүмкіндік жасау қажет. Осы бағытта оңалту және түзету орталықтарын ашу, қажетті инфрақұрылымды дамыту мәселелері пысықталуда.

Қазақстан Халық Кеңесінің мүшесі Бекзат Қомарұлы өз сөзінде Мемлекет басшысының Жолдауында айтылған сананы жаңғырту мәселесіне тоқталып, қоғамдағы өзгерістер ең алдымен әр азаматтың жеке жауапкершілігінен басталуы керектігін атап өтті. Оның айтуынша, заңдарды жетілдірумен қатар, «Адал азамат» қағидатын қалыптастырып, заң мен тәртіпті сақтайтын адамдарды дәріптеу маңызды. Сондай-ақ, құқық бұзушыларды жазалаумен ғана шектелмей, қоғамға үлгі болатын азаматтарды құрметтеу арқылы жастардың бойында жауапкершілік пен тәртіп мәдениетін қалыптастыруға болатынын жеткізді.

Кездесу барысында қатысушылар өздерін толғандырған сауалдарын қойып, ұсыныс-пікірлерін білдіруге мүмкіндік алды. Республикалық ақпараттық-түсіндіру тобының өкілдері Президент тапсырмаларының мәні мен оларды іске асыру бағыттарына тоқталды. Жиынға университеттің 130-ға жуық студенті мен профессор-оқытушылар құрамы қатысты.

Ашық әңгіме, ортақ мүдде

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Қазақстан халқына Жолдауында айқындалған ауқымды бастамаларды халыққа түсіндіру мақсатында Құрылтай депутаты, Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы Асхат Аймағамбетов, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Вице-министрі Бахтияр Жазықпаев, облыстық Ұлттық спорт түрлері қауымдастығының төрағасы, Қарағанды облысы бойынша Қазақстандық бокча федерациясының басшысы Нұркен Кобжанов пен мемлекет және қоғам қайраткері Құдайберген Бексұлтанов «Мэйкер» ЖШС ұжымымен кездесті.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сонымен қатар, Қазақстан Халық Кеңесінің мүшесі, Қарағанды облысы Ақсақалдар кеңесінің төрағасы, «Әділет» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков, Қазақстан Халқы Кеңесінің мүшесі, Қарағанды қаласы білім бөлімінің «Кәусар» оқушылар сарайының директоры Әйгерім Исбекова да болды. Кездесу барысында еңбек нарығының сұранысына сай жұмысшы мамандарын даярлау, тұрғын үймен қамтамасыз ету бағытындағы міндеттер де назардан тыс қалмады. Әсіресе, ауылдық жерлерге білікті мамандарды тарту мәселесі қызу талқыланып, қатысушылар тарапынан осы бағыттағы жұмыстарды жетілдіруге қатысты ұсыныстар айтылды.

Асхат Аймағамбетов өз сөзінде Ұлттық қор қаражатын сақтау мен оны елдің бүгінгі қажеттіліктеріне тиімді бағыттаудың маңыздылығына тоқталды. Оның айтуынша, Ұлттық қор ең алдымен, болашақ ұрпақтың игілігіне арналған стратегиялық қаржы көзі болғанымен, қазіргі қоғамның да өзекті сұраныстарын ескерусіз қалдыруға болмайтынын баса айтты.

– Мемлекет басшысы Ұлттық қорды сақтау мен оның қаражатын ел игілігіне жарату арасында тиімді теңгерім қалыптастыруды ұсынып отыр. Біз қорды орынсыз жұмсамаймыз, керісінше, оның жинақ көлемін арттыруды жалғастырамыз. Қазіргі таңда алтын-валюта резервтері мен Ұлттық қор активтері рекордтық деңгейге жетті. Сонымен бірге, алдағы жылдары Ұлттық қордан ауқымды халықтық құрылыс жобаларын жүзеге асыруға қаражат бөлінеді. Қазірдің өзінде бұл мақсатқа 6,5 триллион теңге қарастырылған. Халықтық құрылыс дегеніміз – ең алдымен әлеуметтік және мәдени маңызы бар нысандар. Олардың қатарында заманауи перинаталдық орталықтар, балалар ауруханалары, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған оңалту орталықтары, ауылдар мен қалалардағы жаңа мектептер, жастарға арналған ғылым орталықтары мен оқушылар сарайлары бар. Мұның бәрі – бүгінгі қоғамға аса қажет нысандар. Олардың құрылысы келесі жылдан бастап қолға алынады, – деді Асхат Аймағамбетов.

Құрылтай депутаты инфрақұрылымды дамыту мәселесіне де арнайы тоқталды. Әлеуметтік нысандар салумен қатар, елдімекендердің инженерлік-коммуникациялық жүйелерін жаңғырту қажеттігін атап өтті.

– Көп жағдайда біз сырт көзге бірден байқалатын заманауи мектептер мен зәулім ғимараттарды көреміз. Алайда, инфрақұрылымның көзге көріне бермейтін бөлігіне мән бермейді екенбіз. Атап айтқанда, жылу электр орталықтары, инженерлік желілер мен кәріз жүйелерінің жай-күйі назардан тыс қалмауы тиіс. Өкінішке қарай, бұған дейін аталған салаларға жеткілікті көңіл бөлінбей, қажетті қаржы да қарастырылмады. Сондықтан, Мемлекет басшысы бүгінде екі бағытта қатар жұмыс жүргізуді міндеттеп отыр. Яғни, инженерлік инфрақұрылымды жаңғыртумен бірге әлеуметтік маңызы бар нысандардың құрылысын да жалғастырамыз. Мұндай жобалардың тиімділігі тек жаңа нысандардың бой көтеруімен өлшенбейді. Оның экономикаға мультипликативті әсері бар. Құрылыс жұмыстары басталғанда цемент, металл өнімдері, түрлі құрылыс конструкциялары мен өзге де отандық материалдарға сұраныс артады. Бұл өз кезегінде өндіріс орындарының дамуына серпін беріп, ондаған мың жаңа жұмыс орнын ашуға, салық түсімдерін ұлғайтуға және жалпы экономикалық белсенділікті арттыруға мүмкіндік береді. Сондықтан бұл – Мемлекет басшысы алдымызға қойып отырған ауқымды әрі стратегиялық маңызы зор міндеттердің бірі, – деді Асхат Аймағамбетов.

Кездесу барысында Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру, елдің өнеркәсіптік әлеуетін арттыру, халықты жұмыспен қамту, еңбек адамдарының әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету және азаматтардың өмір сүру сапасын жақсарту мәселелері кеңінен сөз болды. Сондай-ақ, кәсіпорын қызметкерлері өздерін толғандырған сауалдарын ортаға салып, депутаттан нақты әрі тұшымды жауаптар алды.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО



Міндеттер межеленді

Теміртау қаласында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа Жолдауын түсіндіру мақсатында республикалық ақпараттық-түсіндіру тобы «Qarmet» АҚ еңбек ұжымымен кездесті.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кездесуге Құрылтай депутаты, Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы Үнзила Шапақ, Құрылтай депутаты Вадим Басин, Энергетика вице-министрі Бақытжан Ілияс, Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Иран Шархан, Қазақстан Халық Кеңесінің мүшелері Гаухар Акижанова мен Александр Куприенко, сондай-ақ, Қарағанды облысының Қоғамдық кеңесінің төрағасы Серікжан Байбосынов қатысты.

Құрылтай депутаты Вадим Басин Жолдауда белгіленген экономикалық міндеттердің өңірлер мен отандық өндіріс үшін берер мүмкіндігіне тоқталды. Оның айтуынша, Мемлекет басшысының негізгі ұстанымы – экономикалық және қаржылық ресурстарды ел азаматтарының тұрмыс сапасы мен әл-ауқатын арттыруға бағыттау.

«Инфрақұрылымды жаңғыртуға, өндірісті дамытуға және әлеуметтік саланы қолдауға бағытталған ауқымды жобалар отандық кәсіпорындарға да жаңа мүмкіндіктер ашады. Әсіресе, құрылыс саласында металл өнімдеріне сұраныстың артуы Теміртаудағы «Qarmet» комбинатының өндірістік әлеуетін кеңейтуге оң ықпал етеді. Мұндай жобалар кәсіпорынның жаңа технологияларды енгізуіне, өнім түрлерін көбейтуіне және қосымша жұмыс орындарын ашуына мүмкіндік береді. Сондықтан, ірі инфрақұрылымдық бастамалар мен отандық өнеркәсіптің дамуы өзара тығыз байланысты болуы керек», – деді Вадим Басин.

Сонымен қатар, ол өндірісті цифрландыру, жасанды интеллект пен заманауи технологияларды енгізу мәселелеріне назар аударды. Депутаттың пікірінше, индустриялық кәсіпорындардың болашағы тек өндіріс көлемімен емес, технологиялық жаңаруымен және білікті кадрлар даярлауымен де өлшенеді. Осы тұрғыда жастарға сапалы білім беріп, еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтарды меңгеруіне жағдай жасау маңызды екенін атап өтті.

Кездесуде сөз сөйлеген Үнзила Шапақ Мемлекет басшысының Жолдауында белгіленген міндеттерге тоқталып, жаңа Азаматтық кодексті әзірлеудің маңызын атады. Айтуынша, соңғы 30 жылда экономика ментехнология саласында түбегейлі өзгерістер болды.

Депутат цифрлық экономиканың дамуы да заңнаманы жаңартуды талап ететінін жеткізді. Электронды сауда, цифрлық активтер, электронды келісімшарттар мен жасанды интеллектіні қолдану күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналып келеді. Осыған байланысты жаңа Азаматтық кодексте цифрлық кеңістіктегі азаматтардың құқықтарын қорғау, технологияларды пайдалану салдарынан келтірілген зиянды өтеу секілді мәселелер қамтылуы тиіс екенін жеткізді. Сондай-ақ, кодексті әзірлеу барысында мамандармен қатар, кәсіпкерлер, ғалымдар және қоғам өкілдері де талқылауға қатысатынын айтты.

Кездесуде әлеуметтік мәселелер де назардан тыс қалмады. Қазақстан Халық Кеңесінің мүшесі Гаухар Акижанова ерекше қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларды қолдау, оңалту орталықтары мен арнайы инфрақұрылым нысандарын көбейту қажеттігін жеткізді. Сондай-ақ, жастардың цифрлық технологияларды біліммен кәсіби дамудың тиімді құралына айналдыруы керектігін айтып, жоғары оқу орындарында IT және атом энергетикасы салаларына қажетті мамандар даярлаудың маңызы аталды.

Кездесу соңында еңбек ұжымы өкілдері өздерін толғандырған сауалдарын қойып, саладағы өзекті мәселелер бойынша пікір алмасты. Өндіріс басында жүрген еңбек адамдары үшін мұндай кездесулер Жолдауда белгіленген міндеттердің нақты іске асу жолдарын талқылауға мүмкіндік береді. Өйткені, Теміртаудың болашағы мен Қарағанды облысының индустриялық әлеуеті өзара сабақтас. Ал, «Qarmet»-тің жаңғыруы – тұтас өңір-экономикасының дамуына ықпал ететін маңызды бағыттардың бірі.

Сурет автордан

Қарағанды ұстаздары үн қосты

Бүгін Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледжінің педагогикалық ұжымы мен студенттері Қазақстан Республикасы Президентінің жуырдағы халыққа Жолдауын түсіндіру жөніндегі республикалық ақпараттық-насихат тобының мүшелерімен кездесті.



Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Осы ақпараттық-насихат тобы құрамында Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттары Айсұлу Сүлейменова, Александр Данилов, Экономика вице-министрі Ерлан Сағынаев және Қазақстан Халық Кеңесінің мүшелері Виталий Тварионас, Увайс Джанаев, Виталий Хмелевский бар.

Кездесуде Мемлекет басшысының Халыққа «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» Жолдауының негізгі бағыттарын бірлесе талқылап, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы, жас мамандарды даярлау мен жастардың кәсіби жетілуіне жаңа мүмкіндіктер тудыру мәселелері ортаға салынып, өзара пікір алмасты.

Құрылтай депутаты Айсұлу Сүлейменова Жолдауда айтылған халықтық цифрлық экономика мен жасанды интеллект мәселелеріне назар аударды.

– Жасанды интеллект адамға қандай нәтиже беруімен өлшенеді. Біз осы салада отандық мамандарымызды көбірек дайындауымыз керек. Цифрландыру нәтижесінде оның халыққа және экономикаға қандай әсер ететінін ойдан шығармайық, – деді.

Ал Құрылтай депутаты Александр Данилов Жолдаудың негізгі бағыттарына, соның ішінде «Халықтық құрылыс» мәселесіне тоқталды. Бұл үлкен бағдарламаны жүзеге асыру барысында қаншама жаңа жұмыс орындары ашылып, қанша адам баспаналы болатынын атады.

Бизнеске 3 жыл мораторий жарияланғанда кәсіпкерлік тынысын ашатыны айтылды.

Бұдан кейін Экономика вице-министрі Ерлан Сағынаев, Жолдауда айтылғандай, халықтың табысын арттыру, салық салу жүйесі мен көлік инфрақұрылымын жетілдіріп, инфляцияны ауыздықтау, инфляция тарту туралы талдап, сол бойынша өз министрліктерінде қолға алынып, атқарылып жатқан жұмыстарды мәлімдеді.

Ендігі кезекте Қазақстан Халық Кеңесінің мүшелері Виталий Тварионас пен Увайс Джанаев және Виталий Хмелевский Жолдауда көтерілген мәселелер тікелей халықтың әл-ауқаты мен тұрмысын жақсартуға бағытталғанын еске салды. Оны жүзеге асыратын жастардың жақсы оқып, білімді және адал азамат болып өсуіне тілек білдіріп, елдегі татулықтың іргесін шайқалтпай, Тәуелсіздігімізді нығайта беруге шақырды.

Кездесу соңында ақпараттық-насихат тобының мүшелері оқытушылар мен студенттер қойған сұрақтарға жауап берді.

САРАН

Сурет автордан

Қаржы мәдениеті қалай қалыптасады?

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖЫЛЫ 2026 AI

Қаржы әлемі күн санап өзгеріп келеді. Осыдан он жыл бұрын депозит ашу немесе ірі көлемдегі ақша аударымын жасау үшін банк бөлімшесіне барып, кезек күтіп, тиісті құжаттарды рәсімдеу қажет болатын. Бүгінде мұның бәрін қашықтан, санаулы минут ішінде атқаруға мүмкіндік бар. Цифрлық технологиялардың дамуы қаржылық қызметтердің қолжетімділігін арттырып қана қоймай, әр азаматтың өз қаражатына деген жауапкершілігін де күшейтті. Өйткені, қаржы құралдарын еркін пайдалану мен ақшаны сауатты басқару – екі бөлек ұғым.



Қазір тұрғын үй-коммуналдық қызметтерінің ақысын төлеу, интернет арқылы сауда жасау, салықтар мен мемлекеттік баждарды аудару, несиелерді өтеу секілді күнделікті операциялардың басым бөлігі онлайн режимде жүзеге асырылады. Сонымен қатар, инвестициялау, жинақ қалыптастыру және капиталды басқару мүмкіндіктері де кеңейді. Алайда, мұндай қолайлылық қаржылық тәуекелдерді дұрыс бағалауды, кіріс пен шығысты жоспарлауды және жеке қаражатты қорғауды талап етеді.

Қаржылық сауаттылық дегеніміз – ақшаны есептей білу ғана емес. Ол – табыс пен шығыстың арақатынасын саралау, қажет пен қалау арасын ажырату, болашаққа қор жинау, қаржылық міндеттемелерді саналы түрде қабылдау. Мұндай дағдылар адамға өмір бойы қажет. Ал, олардың негізі балалық шақтан қаланса, қаржыға жауапкершілікпен қарау біртіндеп күнделікті дағдыға айналады.

Осы тұрғыдан алғанда, өскелең ұрпақтың қаржы мәдениетін қалыптастыруда білім беру ұйымдарының, әсіресе, мұғалімдердің орны айрықша.

Мемлекет басшысының 2024 жылғы 2 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспары аясында бұл бағытта жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді.

Атап айтқанда, Ұлттық Банктің аумақтық филиалдарының қызметкерлері «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының кәсіби тренерлерімен бірлесіп, мектеп мұғалімдері мен колледж оқытушыларына экономика және қаржы негіздері бойынша білім беруде.

Аталған жобаның басты ерекшелігі – қаржылық сауаттылықты оқушыларға тікелей түсіндірумен шектелмей, алдымен педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру. Өйткені, мұғалім меңгерген білімін күнделікті оқу үдерісіне енгізіп, оны жүздеген шәкірттің игілігіне жарата алады. Бұл бастама оқушылар мен студенттердің жеке бюджетті жоспарлауына, табысын орынды жұмсауына, жинақ жасауына және қаржылық тәуекелдерді бағалауына қажетті дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Әсіресе, қаржы алаяқтығы мен қаржы пирамидаларының түрлі тәсілдері кең тараған қазіргі кезеңде мұндай білімнің маңызы арта түсуде.

Жобаның нақты нәтижелері де бар. 2025-2026 жылдары республика бойынша 10 мыңнан астам педагог арнайы оқудан өтті. Оның ішінде Қарағанды облысында былтыр 289 мұғалім білімін жетілдірсе, биылдың бірінші жартыжылдығында тағы 300 педагог оқытылды. Жыл соңына дейін қосымша 187 педагогті қамту жоспарланған.

Бұл көрсеткіштер қаржы мәдениетін қалыптастыру жұмысының өңірде де жүйелі түрде жүргізіліп жатқанын аңғартады. Ең бастысы, оқудан өткен ұстаздар алған білімін өз шәкірттеріне жеткізіп, қаржылық сауаттылықтың күнделікті өмірдегі маңызын түсіндіруге мүмкіндік алады.

Педагогтерді оқытумен қатар, Ұлттық Банк әртүрлі жас санаттарына арналған білім беру ресурстарын да жүйелі түрде дамытып келеді. Банктің интернет-платформасындағы «Қаржылық сауат ашу» бөлімінде жеке қаражатты басқару, бюджетті жоспарлау және қаржы құралдарын тиімді пайдалану жөніндегі ақпараттық-танымдық материалдар жинақталған.

Атап айтқанда, оқыту бейнероликтерінде инфляцияның мәні, несиелеу ерекшеліктері, инвестициялау мүмкіндіктері, алаяқтық пен қаржы пирамидаларынан қорғану жолдары, сондай-ақ, дербес деректердің қауіпсіздігі кеңінен түсіндіріледі. Бұл материалдар ересектерге де, балаларға да түсінікті болатындай етіп әзірленген.

Әсіресе, қаржылық ұғымдарды балалардың жас ерекшелігіне сай жеткізуге басымдық берілген. Мәселен, бүлдіршіндерге арналған танымдық мультфильмдерде басты кейіпкер Барыс пен оның командасы күнделікті өмірде кездесетін жағдайлар арқылы ақшаны басқарудың қарапайым қағидаларын түсіндіреді. Олар жеке бюджет жүргізуді, қаражатты үнемдеуді, алаяқтардың айла-тәсілдерінен сақтануды үйреніп, инфляцияның мәні мен экономиканың жұмыс істеу қағидаларымен танысады.

Балалар мен жасөспірімдердің қызығушылығын арттыру мақсатында интерактивті жобалар да әзірленген. Соның бірі – BarsIQ жаттығу ойыны. Ол экономикалық ойлау қабілетін дамытып, қаржылық шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі.

Ал, Alatau City білім беру ойын-симуляторы цифрлық қала үлгісінде жасалған онлайн оқыту платформасы ретінде ұсынылады. Мұнда пайдаланушылар қаржыны басқаруға қатысты түрлі тапсырмаларды орындау арқылы алған білімін тәжірибеде қолдана алады.

Мұндай тәсілдің тиімділігі – қаржылық ұғымдарды құрғақ теория түрінде ұсынбай, нақты өмірлік жағдайлармен байланыстыруында. Өйткені, бала ақшаның құнын, жинақ жасаудың маңызын немесе асығыс қабылданған қаржылық шешімнің салдарын тәжірибе арқылы түсінгенде, алған білімін күнделікті өмірде қолдануға бейімделеді.

Түптеп келгенде, қаржылық сауаттылық – адамның әл-ауқатына тікелей ықпал ететін өмірлік дағды. Ол бүгінгі қажеттілікті өтеумен қатар, ертеңгі мүмкіндікті де ескеруді, табыс пен шығыс арасындағы тепе-теңдікті сақтауды, негізсіз қарыз алудан тартынуды және ықтимал тәуекелдерді алдын ала бағалауды үйретеді.

Қаржы мәдениеті бір күнде қалыптаспайды. Оның негізі отбасында қаланып, мектеп қабырғасында бекиді, ал, өмір тәжірибесінде толыса түседі. Сондықтан, мұғалімнің қаржылық сауатын арттыру – бір маманның білімін жетілдіру ғана емес, тұтас ұрпақтың қаржыға деген көзқарасын қалыптастыруға салынған инвестиция.

Бүгін ұстаз меңгерген білім ертең шәкірттің саналы таңдауына айналса, қаржылық сауатты қоғам қалыптастыру жолындағы жұмыстың ең үлкен нәтижесі де сол болмақ.

Ғазиз ШЕГЕНОВ,
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Қарағанды филиалының директоры

Сурет автордан

• ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Өнегелі өмірдің өшпес ізі

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінде «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында әділдігімен ел ісінде қалған заңгер Балапан Әбеновті еске алуға арналған «Заң үстемдігі және азаматтық жауапкершілік» атты республикалық дөңгелек үстел өтті. Тағылымды басқосуға еліміздің мемлекет және қоғам қайраткерлері, ғалымдар мен зиялы қауым өкілдері қатысты. Алдымен қонақтар университеттің музейін аралап, оқу орнының тарихы мен ғылыми мұрасымен танысты. Бұдан кейін дөңгелек үстел басына жиналып, заң саласының өзекті мәселелерін, құқықтық мемлекетті қалыптастырудағы азаматтық жауапкершіліктің маңызын және Балапан Әбеновтің өнегелі өмір жолын сөз етті.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жиынға онлайн қатысқан Құрылтай депутаты, Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор Нұрлан Дулатбеков сөз алып, Балапан Әбеновтің ел тарихындағы Алаш қайраткерлерінің мұрасын насихаттауға қосқан үлесіне тоқталды.

– Бүгінде Алаш қайраткері Жақып Ақбаевтың есімін ардақтап, рухына тағзым ету шаралары жүйелі түрде ұйымдастырылып келеді. Осы бағыттағы игі бастамалардың ұйытқысы бола білген Балапан ағамыздың еңбегі орасан. Оның адамгершілік қасиеті, ел мен жер алдындағы парызын адал атқаруы – кейінгі буынға үлгі. Жақып Ақбаевтың «Менің рухым өлмейді» деген рухты сөзінің мәнін мен Балапан ағамыздың болмысынан да көремін. Қарапайым отбасынан шыққа да, айналасына жақсы адамдарды топтастырып, талай игі істің бастамашысы бола білді. Тәжірибелі басшы ретінде жас мамандарға қамқорлық танытып, әр азаматқа қол ұшын созуға дайын тұратын. Бүгінде оның жарқын бейнесін еске алып, есімін ұлықтау мақсатында атқарылып жатқан шаралар – соның айғағы, – деді Нұрлан Дулатбеков.

Жиынға Қазақстанның Өзбекстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі Ералы Тоғжанов та онлайн форматта қатысып, Балапан Әбенов туралы естеліктерімен бөлісті. Сондай-ақ, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті ректорының міндетін атқарушы, философия докторы Мадина Умуркулова сөз сөйлеп, қайраткердің ел дамуына сіңірген еңбегіне тоқталды.

– Балапан Зипатоллаұлының атқарған жұмыстары бір ғана аймақтың аясында шектелмей, республика көлемінде маңызды із қалдырды. Оның жүзеге асырған бастамалары мен тәрбиелеп, бағыт-бағдар берген шәкірттерінің есімі бүгінде еліміздің көптеген өңірінде құрметпен аталады. Бұл – тұлғаның ауқымын, іскерлігін және адамгершілік қасиеттерін айқындайтын көрсеткіш. Сондықтан, осындай тағылымды шараның өтуі, студенттер мен қонақтардың бас қосып, осы бағыттағы жұмыстарды талқылауы, университеттердің ортақ іске атсалысуы біз үшін ерекше мәнге ие, – деді Мадина Умуркулова.

Балапан Әбеновтің тәрбиесін көріп, өмірлік өнегесін бойына сіңірген Шыңғыс Құрманұлы да онлайн форматта жиынға қатысып, естелігімен де бөлісті.

– Мен бес жасымда әкемнен айырылдым. Сол кезден бастап тәрбиемді өз мойнына алып, әкемнің орнын басқан адам – әкәйім болды. Біз ол кісіні осылай атайтынбыз. Ол мен үшін жай ғана әкәй емес, әке де, ұстаз да, ақылшы да бола білді. Маған өмірдің талай сабағын үйретті. Қандай қиындық кездессе де мойымауды, үнемі алға ұмтылуды үйретті. Ең бастысы, өз күшіме сенуді үйретті. Бүгінде өткен өміріме көз жүгіртсем, үздік университетте оқытушы болдым, деканның орынбасары қызметін атқардым. Қазір шетелде докторантурада білім алып жатырмын. Осы уақытқа дейін жеткен жетістіктерімнің барлығын ең алдымен әкәйімнің берген тәрбиесімен байланыстырамын. Кейде «Ол кісі болмағанда, бүгінгі деңгейге жете алар ма едім?» деп ойлаймын. Мен әрдайым сол кісіге қарап бой түзедім. Оның ақылкеңесі мен айтқан өсиеттері мен үшін қашанда қымбат, әр сөзін жадымда сақтаймын. Әкемнің орнын басып, маған тәрбие бергеніңіз үшін алғысым шексіз, – деді Шыңғыс Құрманұлы.

Цифрлық дәуірдің жаңа кеңсесі

(Соңы. Басы 1-бетте)


Оның орнына кеңесші мамандар азаматтарға қызметті өз бетінше рәсімдеуге көмектесіп, қажетті бағыт-бағдар береді. Цифрлық қызметтерді пайдалануды білмейтін тұрғындарға арналған арнайы оқыту сыныбы да қарастырылған. Онда азаматтар мемлекеттік қызметтерді өздігінен алуды үйренеді. Кейін бұл дағдыларын үйде отырып-ақ компьютер немесе ұялы телефон арқылы қолдана алады.

Жаңа AI-кеңсе заманауи технологиялар мен инновациялық шешімдерді халыққа жақындатуды көздейді. Мұнда азаматтарға қызмет көрсету үдерісі жаңа форматта ұйымдастырылып, цифрлық мүмкіндіктерді тиімді пайдалануға жағдай жасалған. Сонымен қатар, жасанды интеллект технологияларын күнделікті өмірге енгізуге, тұрғындардың цифрлық сауаттылығын арттыруға және мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз етуге басымдық беріледі. Жобаны іске асыруға Қарағанды облысының әкімдігі де қолдау көрсетті. Атап айтқанда, мемлекеттік және сервистік қызмет көрсету орталығынан жалпы аумағы 244 шаршы метр болатын ғимарат бөлініп, онда жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, кеңсені қажетті техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету мақсатында 15 моноблок сатып алынып, орнатылды.

Жаңа орталықта тұрғындардың цифрлық сауаттылығын арттыруға арналған тегін сабақтар да ұйымдастырылған. Мамандар қала тұрғындарын электрондық сервистердің мүмкіндіктерімен таныстырып, мемлекеттік қызметтерді өз бетінше алу жолдарын үйретеді. Оқыту сабақтары сәрсенбі және жұма күндері сағат 10:00-ден 12:00-ге дейін өтеді. Бұл бастама цифрлық қызметтерді меңгеруге ниетті азаматтарға қосымша мүмкіндік береді.

Кеңседе балалы отбасылардың жайлылығы да ескерілген. Ата-аналар қажетті құжаттарын рәсімдеп немесе мамандардан кеңес алып жатқан уақытта балалар арнайы жабдықталған ойын аймағында уақыт өткізе алады. Осылайша, жаңа орталықта қызмет алу үдерісі тек технологиялық тұрғыдан емес, келушілерге қолайлы жағдай жасау жағынан да ұйымдастырылған.

Жаңа форматтың енгізілуі мемлекеттік қызмет көрсету жүйесінде азаматтың рөлін де өзгертеді. Енді тұрғын дайын қызметті күтіп қана қоймай, цифрлық құралдарды пайдалану арқылы қажетті операцияларды өзі орындай алады. Ал, кеңесші мамандар күрделі мәселелер туындаған



жағдайда бағыт-бағдар беріп, қызмет алу тәртібін түсіндіреді. Мұндай тәсіл азаматтардың дербестігін арттырып, электрондық үкімет жүйесінің мүмкіндіктерін кеңінен пайдалануға жол ашады. AI-кеңсе жасанды интеллект технологияларын күнделікті тұрмыста қолданудың үлгісіне айналмақ. Оның жұмысы тұрғындардың жаңа цифрлық шешімдерге деген сенімін қалыптастырып, заманауи технологияларды меңгеруіне ықпал етеді. Бұл ретте басты нәтиже – технологияның қолжетімді болуы ғана емес, оның әр азаматтың күнделікті қажеттілігін шешуге қызмет етуі.

AI-кеңсенің ашылуы өңірдегі цифрландыру үдерісін жеделдетіп, мемлекеттік қызмет көрсету мәдениетін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Енді тұрғындар қажетті қызметтерді заманауи әрі жайлы ортада алып, цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін кеңінен пайдалана алады.

Жалпы, мұндай бастамалар мемлекеттік қызмет көрсету жүйесіне деген көзқарасты жаңаша қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұған дейін қызмет алудың негізгі өлшемі оның жылдамдығы мен қолжетімділігі болса, енді технологиялық мүмкіндіктерді тиімді пайдалану да маңызды талапқа айналып отыр. AI-кеңсе осы бағыттағы өзгерістердің өңірдегі нақты көрінісі деуге болады.

Жасанды интеллектіні қоғамдық қызмет көрсету саласына енгізу алдағы уақытта жаңа шешімдерге жол ашуы мүмкін. Әсіресе, ақпаратты өңдеу, қажетті қызметті анықтау және өтініш беру тәртібін жеңілдету бағыттарында технологияның әлеуеті зор. Дегенмен, оның тиімділігі тұрғындардың сұранысына қаншалықты жауап беретінімен және күнделікті қолданыста қаншалықты нәтиже көрсететінімен бағаланбақ.

Қарағандыда ашылған жаңа кеңсе – цифрлық трансформацияның тек ірі қалалар мен технологиялық орталықтардың аясында қалмай, өңірлік деңгейде де жүзеге асып жатқанын аңғартады. Ендігі міндет – енгізілген мүмкіндіктерді тұрақты әрі тиімді пайдаланып, олардың игілігін тұрғындарға сезіндіру. Өйткені, цифрлық дамудың басты көрсеткіші – технологияның күрделілігі емес, адам өмірін қаншалықты жеңілдете алғаны.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• АҚЫН, ЖУРНАЛИСТ КӘРІМ САУҒАБАЙДЫҢ ТУҒАНЫНА – 85 ЖЫЛ

Азаттықты аңсағанда жалындаған жиырмада еді

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Осыдан 65 жыл бұрын, 1961-1962 оқу жылының басында Қарағанды педагогика институты, тарих және филология институтының бір топ жігіті өздері «Жас қазақ» деп атаған ұйымның ұлт азаттығы туралы идеясын қалада оқитын қазақ жастарына жаю үшін үнпарақ әзірлеп, таратады. Сол кезде осы оқиғаның бел ортасында жүрген Кәрім Сауғабай кейін төмендегідей естелік қалдырған екен: «Бұл 1961 жылдың 10 қазаны болатын. Біз табан аудармастан он күн бойы әрқайсымыз 200 листовка-үнпарақ жазып, 2 қараша күні таңертең сағат 6.00-де қаладағы барлық институттардың аудиторияларына, киім ілетін жерлерге таратуды қолға алдық. Менің үлесіме Ленин даңғылы бойындағы, өзім оқитын оқу орны тиді. Институттың сыртқы есігі таңғы сағат 5.00-де ашылады. Үй сыпырушылар сағат 9.00-ге дейін барлық қабаттың едендерін жуып шығады. Мен №1 листовканы қолыма ұстап тұрып «О, Жасаған ием, өз рухым үшін өмір бойы күресуге барамын!» деген сөзді айтқанымда, көзімнен ыстық жас төгіліп кетті. Бірінші листовканы оқытушы отыратын үстелдің үстіне қойдым. Қалған 9-ын Мақсым айтқан, шенқұмарлар отыратын үстелге тастадым. Сөйтіп, бір сағаттың ішінде 200 листовканы таратып, жатақханаға қайттым».

Қарқаралы – Қарағанды өңірі – қазақ ұлт азаттығы күресі идеясының бесігі. Ол 1905 жылғы «Қарқаралы ғұзырхатынан (петициясынан)» басталып, кейін ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан бастаған «Алаш» ұлттық-демократиялық партиясына, одан соң XX ғасыр басындағы Қазақстандағы бірден-бір легитимді билік Алашорда үкіметінің жұмысына жалғасады. Коммунистік озбыр, көрсоқыр идеологияны ұстанған тоталитарлық-фашистік кеңес өкіметі ұлт зиялыларын отап кеткен 1937-1938 жылдардағы саяси қуғын-сүргіннен кейін де Сарыарқада ұлт азаттығы идеясы 1940 жылдары ақын Бүркіт Ысқақов құрған «ЕСЕП» ұйымында жалғасты. Қазақ жастарының дербестікті аңсау ойы өткен ғасырдың алпысыншы жылдары Қарағандыда қайта бой көтергенде аймақтың, республиканың коммунистік идеологиясын тізгіндеп отырған топ әбігерге түскені аян. Педагогика институтының Мақсым Омарбеков, Кәрім Сауғабай, Совет Әбдікәрімов, Аманжол Спайын бастаған студенттері кеңес билігі, коммунистік партия жүргізіп отырған ұлт саясатының әділетсіздігін, қазақтар туған жерінде азшылыққа айналып, тілі қолданыстан шығып, салт-дәстүрі ұмытылып, отаршылар тарапынан қиянат көріп келе жатқанын айтып, замандастарының санасын оятуға кіріскен.

Ұйым жетекшісі Мақсым Омарбеков Семей облысына қарасты бұрынғы Абыралы ауданының орталығы Қайнар орта мектебінде оқып жүргенде Оқу министрлігіне бір топ оқушы қол қойған хат жазып, ұлтшылдығын көрсеткен дүр. Қарағанды педагогика институтына түскен соң өзімен ниеттес жастардың қолдауымен ұйым құрады. Топ мүшесі Кәрім Сауғабай бастаған топ ұлтты ояту үшін «Социалистік Қазақстан» газетіне қазақтың сол кездегі белгілі тұлғаларына Ашық хат жазып, қаланың оқу орындарына үндеу парақшалар таратады. Бірақ, көп ұзамай жас азаматтардың әрекеті әшкере болып, 1962 жылы 5 мамырда Қарағанды педагогика институтында комсомол белсенділері ұйымдастырған жабық жиналыс өтеді. Жиналыс төрағасы В.Мельник, оның командасында өктем ұлттың В.Гудзик, В.Токарь, С.Власюк, Л.Журба сияқты өкілдері болады. Жиында Қарағанды қалалық комсомол комитеті хатшысы М.Достемесов:

– Бұл шын мәнінде жағымсыз оқиға. Егер мұндайға жеке басқа табыну кезінде жол берілсе, онда бұл адамдармен сөйлесіп, жиналыс жасап жатпай-ақ, бірден түрмеге жіберер еді. Омарбеков 7-8 сыныптарда оқып жүрген кезінде-ақ ұлтшылдық сипатқа бой алдырған, – деп қазақ жастарын отаршыл ниеттегілердің талауына тастай салады.

Тарих және филология факультетінің деканы Қ.Жуасов:

– Ұйым жетекшісі Омарбеков. Бұлардың әрқайсысы әрекеттеріне орай жазасын алуы керек. Ал, Сауғабаев болса, өзінің қабілетімен ерекшеленбейді. Ол тілге шорқақ. Онымен қоймай жыр жазады. Мұндай ұлтшылдық идеямен өмір сүруге болмайды. Ақын-жазушы дегеніміз адал, идеалды коммунист болуы тиіс, – деп, өз студенттерін кінәлаумен қатар, болашақтарын «болжап» береді.

Осы жиналыс нәтижесінде Мақсым мен Кәрім институттан шеттетіліп, еңбекпен түзету үшін жұмысқа жіберіледі. Осындай шешім шыққан кезде ойы ұшқыр, логикасы мықты Мақсым Омарбеков:

– Кеңестік жоғары оқу орны түзете алмаған менің санамды қара жұмыс түзете ме? Ең алдымен жергілікті ұлттың жағдайын түзету керек, – деп салған екен (замандасы, досы Серікбай Алпысовтың естелігінен). Бірақ, озбыр да топас билік орынды сөзге құлақ сала ма, Мақаң мен Кәкеңді шалғайдағы Қу ауданына айдайды. Мұнда келген соң, іргелі кәсіпорны, кен өндіретін шахтасы жоқ өңірдегі ауыр жұмыс мал бағу деп, «күнәһарларды» қой соңында салпақтатып, саналарындағы «ұлтшылдық» ұшқынын өшірмек болады коммунистік партия. Дегенмен, денсаулығына байланысты мал бағудан босатылған Мақаң аудандық газетке корректорлыққа тағайындалып, Кеңкен «Арқалық» совхозына көмекші шопан болып барады.

Көрнекті ғалым-зерттеуші, Қарағанды ұлттық зерттеу университетінде журналистика мамандығының негізін қалаған Зарқын Тайшыбай айтады:

– Абай атындағы совхозда учаскелік инспектор болып жүргенімде Арқалыққа бара қалып едім, Шүрегей қыстағында қой бағып жүрген Кәрімді көрдім. Қыс түсіп қалған. Бұрын мал соңында жүрмеген бозбала Арқаның ақтүтек бораны мен аязында қалай жүреді? Аяп кеттім. Абайдағы мектеп директоры дос-жар адам еді, соған Кәрімнің жағдайын айттым. «Тіл мен әдебиет мұғалімі етіп ала алмаймын, дене шынықтыру пәніне келсін» деді. Сөйтіп, оқу жылының соңына дейін Кәрім Абай мектебінде қызмет жасады.

Сталиндік жеке басқа табыну кезінде ушыққан ұлт мәселесі тарихшылар кеңестер одағына «жылымық» әкелді деп бағалаған Хрущевтің валюнтаризмі кезінде қазақтар үшін оңып кеткен жоқ: «тың және тыңайған жерлерді игеру» деген сылтаумен қазақтың ұлан-байтақ даласы жыртылып, мал шаруашылығы күйреді. Сырттан миллиондап келімсектер, көбінесе қылмыскерлер мен күмәнділер келді. Қазақстанның солтүстігіндегі бес облысты Ресейге қосудың амалы қарастырылды. Ұлт мектептері жабылып, қазақ тілінде білім мен тәрбие беру ісі күрделі жағдайда қалды. Осы мәселелер ұлт болашағына алаңдаған Мақсым Омарбеков пен Кәрім Сауғабай ағаларды үнсіз қалдыра алмаған еді. Олар жоғары білімін куәландыратын дипломдарын курстастарынан бір жыл кейін алды. «Бас бұзар» студенттердің сол кездегі ұстазы Қ. Жуасов болжам жасауда біршама қателескен екен: Мақаң республикаға танымал журналист-жазушы, қоғам қайраткері болса, Кәкең тамаша лирик және балалар ақынына айналып, қазақ әдебиетінің тарихына есімі мәңгі жазылды.

Құдіретті табиғат тал бойына арманшыл жүрек, ақжарқын мінез сыйлап, Жамақтың мөлдір бұлағындай жүрдек қалам ұстатқан, балдырған буынның тілашары, сұлулыққа іңкәр пейілі қазақ әнінің қасқалдағы Илья Жақановқа сыршыл әуендер туғызған Кәрім Сауғабай жер басып жүрсе, бүгін 85 деген сеңгірден бой көрсетер еді. Ол осыдан ширек ғасырға жуық уақыт бұрын, 2002 жылы 25 қарашада бақиына көшіп кетті.

Кәрім Жұмабекұлы II дүние-жүзілік қырғын жүріп жатқан 1941 жылы 20 қазанда Қу ауданының Едірей ауыл кеңесінде жарық әлемге іңгәлап келген екен. Орта мектепті, Қарағанды педагогика институтын, 1972 жылы ҚазҰМУ-дың журналистика факультетін тәмамдап, шығармашылық еңбегін бұрынғы Егіндібұлақ аудандық «Ленин туы» газетінде әдеби қызметкерліктен бастаған ол осы басылымда бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, редактордың орынбасары, редактор, бұрынғы Талды аудандық «Шұғыла» – «Восход» газетінде редактор, «Орталық Қазақстан» газетінің Қарқаралы ауданындағы меншікті тілшісі қызметтерін атқарды. Өмірінің соңында Е.Бөкетов атындағы Ұлттық зерттеу университетінің журналистика кафедрасында дәріс оқыды.

Балаларға арналған «Мойындау» (1972) атты тұңғыш жинағымен әдебиет табалдырығын аттаған Кәрім одан соң «Көктем келді, алақай!» (1975), «Күдеріңді үзбе» (1977), «Ақша қар» (1980), «Балқантаудың басында» (1982), «Үлкендерден үлгі аламыз» (1983), «Үшқара оттары» (1985) деген поэзиялық кітаптарын, өлеңдері мен прозасы топтастырылған «Мәди» жинағын шығарды.

Қазақ рухани әлеміне дербес үлесін қосқан Кәрім Сауғабайдың есімі халық жадынан өшкен жоқ. Ақынның туғанына сексен жылдығы атап өтілген 2021 жылдан беріде Қарағандының поэзия сүйер қауымы мектеп оқушыларын қатыстыра отырып Кәрім оқуларын өткізіп келеді. Мемлекеттік деңгейде ұйымдастырылатын мәдени іс-шаралардан бастап ел ішінің қатардағы жиын-тойында Илья Жақановтың «Балқантау циклынан» әндер шырқалған сайын жұрт бірнеше әннің мәтінін жазған Кәкеңді еске алады. Көзі көргендер оның періште пиғылын, бала мінезін еске алады. Ақын рухы халқымен бірге жасап келе жатқанының нақты дәлелі осы болса керек.

Сурет автордан

• БАЙҚАУ

Балқантаудың жыр бәйтерегі

Қазақтың ұлан-ғайыр даласының әр пұшпағынан түлеп ұшып, ұлт руханиятына мол мұра қалдырған дарынды тұлғалар аз емес. Солардың бірі – қасиетті Қу-Балқантаудың баурайында дүниеге келіп, қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңбасы қалған ақын, балалар әдебиетінің көрнекті өкілі Кәрім Сауғабай. Биыл қаламгердің туғанына 85 жыл толып отыр. Осы мерейлі белеске орай Егіндібұлақ ауылдық кітапханасында «Кәрімнің керім жырлары» атты балалар байқауы ұйымдастырылып, ақын мұрасы жас ұрпақтың жадында жаңғырды.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тағылымды басқосуға Егіндібұлақ ауылымен қатар, іргелес Қаракөл мен Қоянды ауылдарының балғын оқырмандары да қатысты. Балалар әдебиетіне айрықша ден қойған ақынның шығармашылығын насихаттауды мақсат еткен шарада бүлдіршіндер қаламгердің жыр әлеміне бойлап, оның әдеби мұрасымен жақынырақ танысты.

Байқауға арнайы шақырылған ақынның қарындасы Айгүл Рымтаева мен ауылдық өлкетану мұражайының қызметкері Дулат Жүнісбекұлы да көпшілікпен еменжарқын жүздесті. Олар қаламгердің өмір жолынан сыр шертіп, шығармашылығына қатысты қызықты деректермен бөлісті.

– Кәрім Сауғабай – балалар әдебиетіне елеулі үлес қосқан қаламгер. Шығармаларының басым бөлігі балғын оқырмандарға арналған. Алайда, ақынның туған жерінде оның шығармашылығын ұлықтау, әдеби мұрасын насихаттау жұмыстары әлі де кенжелеп тұрғанын жасыра алмаймыз. Осы олқылықтың орнын толтырып, қаламгердің есімін кейінгі ұрпақ жадында жаңғыртуға күш салуымыз керек. Шіркін, ауыл кітапханасына Кәрім Сауғабайдың есімі берілсе, тарихи әділеттілік салтанат құрар еді! – деді кітапханашы Маржан Мейірханова.

Сондай-ақ, көпшілік назарына «Кәрім Сауғабаев – жыр әлемінің жарқын тұлғасы» атты кең көлемді кітап көрмесі ұсынылды. Тағылымды шара соңында байқауға қатысқан барлық бүлдіршінге арнайы Алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табысталды.

Қаламгердің ғұмыры өткенімен, артында қалған сөзі жасай бермек. Қу-Балқантаудың қойнауынан түлеп ұшқан Кәрім ақынның керім жырлары бүгін де туған топырағында жаңғырып, жас жүректерге жол тауып келеді. Ендеше, ақын мұрасын ардақтау бір реттік шарамен шектелмей, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан игі дәстүрге айналса, құба-құп.

• САҒЫНЫШҚА АЙНАЛҒАН...

Бал дәуреннің жыршысы


Қазақ балалар әдебиетінің ғасырлар тереңіне бойлайтын тамыры ата-бабаларымыз тұлпар мініп, ту алып, күн түбіне жортқан сонау көне дәуірлерде дүниеге келген ертегілер мен аңыздарға, жаңылтпаштар мен жұмбақтарға, бәдік жырлармен тіркесіп жатса да, ұлттық рухани құндылықтар арасында кенжелеп дамығаны және күрделісі де – осы жанр.

Қазақ поэзиясының ақиығы, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Серік Ақсұңқарұлы: «Көркем жырмен көңілін аулап, едіреңдеген еркекті де, бәлсініп бұлықсыған әйелді де алдауға болады. Сәби оқырманды алдай алмайсың! Жазғаныңнан фальшты аңғарса, баланың көңілі енді қайтып бұрылмайды», – дейді. Рас шығар. Балдырғанның тілімен сөйлеп, баланың періште көңілінен шығатын дүние тудыруға қалам ұстаған қауымның кез келгені тәуекел ете алмайды. Осы күрделі тақырыпқа жүрегі дауалап барған авторлардың бірі – Кәрім Сауғабай.

Алғашқы әріпті «Әліппеден» үйреніп, тілін «сындырған» қазақ баласы қазіргі ұялы телефон сияқты «ғасыр дерті» пайда болмай тұрғанда Кәрім Сауғабай сынды болмысы бөлек бал дәурен жыршыларының өлең-жырларын оқып, сәтті суреттерін санасына қондырып өскені күмәнсіз. Сол арқылы сан буынның бойында туған жерге деген құштарлық, Отанға деген махаббат сезімі қалыптасты. Себебі, балалар авторлары ұлттық тәрбиенің уызына жарыған таланттардың ғана арасынан суырылып шығады. Дәл солар тәрізді Кәрімнің де тұла бойында қозы-лағын қуалап, құлын-тайымен жарысып өскен еліне, кіндік қаны тамған Едірейі мен Үшқарасына, Арқалығы мен Балқантауына деген іңкәрлігі ерекше еді. Оны күнделікті күйкі тірліктің күйбеңінен жұлып алып, Алаштың Ақыны, ақырып теңдік сұрайтын Азаматы деңгейіне көтерген осы қасиет – туған топыраққа, ата-баба салтына, тіліне, діліне, төл мәдениетіне деген құрмет.

Кәрім Сауғабайдың балдырған оқырмандарға арналған шығармасының біріне көңіл аударайық:

Күннің алтын кірпігі
Қонақтайды гүлдерге.
Киіз үйдің сүйегі
Жинаулы тұр іргеде.
Машиналар тізбегі
Жол бойымен шұбырған.
Осы екен күз демі,
Жан таппайсың қыдырған.
Бірі қырман басында



Ақ бидайды сапырған.
Диқандардың қосында
Күз – есепші отырған.
Осы екен күз деген,
Келеді еріп бізбенен.
Жапырақтар ұшып жүр,

Арадай гүл іздеген («Күз – есепші»), – дейді ақын сәбидің санасына еңбекке құрмет сәулесін түсіріп. Немесе:

Күн жылынып, төккен нұр,
Көлдің беті – көктеңбіл.
Ағаштарға бүр шашқан
Көк көйлекті көктем жүр («Қай мезгіл?»), – дейді табиғат құбылысына баламен бірге сүйсіне қарап. Таға да:

Киіпті тау бүгін
Әжемнің жаулығын («Қыс»), – деп керім бояумен кестелі сурет сала қояды. Сәби оқырманның сезімін қысқа да нұсқа тіркестермен селт еткізіп, санасына сәуле түсіретін оқшау орамдар балажан ақынның соңында қалған мұрасының ішінде молынан кездеседі.

Жан-тәнімен сұлулыққа құштар, ізгілікке іңкәр ақынның ересектерге арналған шығармалары арасынан да жүрек қылын тербейтін шумақтар кезіге кетуі ғажап емес:

Жан едім көктем келсе, есі кеткен,
Көктемнің, жас болмасаң, несі көктем?!
Төбемнен сусып ұшқан аққулар ма,
Әлде сол жастығымның көші ме өткен? – деген жолдар осының айғағы. Қамшы сабындай ғана қысқа ғұмырында өзі ғашық болып өткен Балқантау биіктеріне қарап:

Келген сайын ойға қалам не түрлі,
Саумал самал жуып жатыр бетімді.
Іркес-тіркес жоталанған таулары
Алып жердің бұлшық еті секілді, – деп келісті көркемдікті керім жырына тебірене арқау етеді.

Ақынның сезім серпілісінен, көңіл бұлқынысынан туған өлеңдер қазіргі қазақ музыкасының сардары, зерделі өнер зерттеуші, сыршыл суретші, қуатты композитор, биыл ғана торқалы тоқсанын тойлаған маэстро Илья Жақановтың алпыс екі тамырынан тамшылаған сырбаз да сылқым сазбен қоса өріліп, қазақ ұлтының рухани әлеміне қайталанбас қазына болып қосылды. Бір басына жеті емес, тоқсан өнер тоғысқан: композитор, журналист, жазушы, зерттеуші һәм суретші Илья ағамыз өз шығармашылығында орны ерекше «Балқантау» әндер циклының дүниеге келуіне ақын Кәрім Сауғабайдың Сарыарқаға шақырған қолқасы қозғау салғанын сан мәрте қайталап, өнерсүйер қауымның санасына сіңіріп келеді.

Кәкеңнің қайтыс болғанына жыл толуына орай «Орталық Қазақстан» (№168 (19373), 21 қазан 2003) газетінде жарияланған еске алуында ақын Серік Ақсұңқарұлы: «Көз талды Балқантауға қарай-қарай» деп еді-ау қайран боздақ. – Балқантауға жаутаңдап біз де қараймыз. Кәрім – жоқ! Атом бомбасының азабын тартқан ел қалды Балқантаудың баурайында. Қаздауысты Қазыбектің ескерткіші қалды. Аудан жоқ... Қазақтың ғажайып азаматтарының бірі, әрі бірегейі Кәрім Сауғабай тұрған үй қалды. Иесі жоқ... Сол жерге Сауғабайдың аты-жөнін қалдырудың қарекетін жасауымыз керек», – деген еді. Содан бері ширек ғасырға таяу уақыт өтіпті. Бірақ, не аудандық, не облыстық деңгейде қозғалыс жоқ.

Дегенмен, соңында балдырғандар мен ересек оқырмандарға арналған мол рухани мұрасы қалған ақын Кәрім Сауғабайдың есімі ұмытылмайтыны күмәнсіз.

Есенбай САРЫМЫРЗА

Сурет «Ortalyq Qazaqstan» газетінің мұрағатынан

● ІШТЕ ПІКІР ӨЛГЕНШЕ...

Еңбегі ел есінде қалса игі

Бір кездері елдің еңсесін тіктеп, ауылдың ауыр жүгін арқалаған азаматтарды бүгінгі ұрпақ қаншалықты біледі? Қар жастанып, мұз төсеніп, жұрттың тұрмысын түзетуге ғұмырын арнаған жандардың есімі уақыт озған сайын көмескі тартып кетпесе екен дейміз. Өйткені, елге қызмет ету – бір кезеңнің ғана шаруасы емес, кейінгіге қалатын өнеге. Бізді, Тегісшілдік өңірінің еңбек ардагерлерін, көптен бері толғандырып жүрген мәселе де осы. Қарқаралы ауданындағы Тегісшілдік ауылдық округіне Хакім Зәкішевтің есімі берілсе деген тілегіміз бар. Бұны ел игілігі үшін еңбек еткен азаматқа көрсетілер лайықты құрмет болар еді дейміз...



Хакім Зәкішев – біз сырттай аңыз етіп жүрген емес, елмен етене араласып, істің басы-қасында жүрген азамат. Оның еңбегін марапаттардан бұрын ауылдың өзгерген келбетінен, сол жылдары өсіп-өнген шаруашылықтан, білім алған балалардан танимыз. Сондықтан, бұл ұсынысты бір адамның беделін асыру немесе бір әулеттің атын шығару деп қарауға болмайды.

Алматы ауыл шаруашылығы институтында инженер-механик мамандығын меңгерген ол Қарқаралы өңірінде бас инженерлік қызметте шыңдалып, өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының соңында «Восток» совхозының тізгінін ұстады. Шаруашылықты ширек ғасырдан астам уақыт басқарған оның алдында оңай міндет тұрған жоқ. Жер жағдайын, мал өрісін, егіннің мүмкіндігін зерттеп, өндірісті қалыптасқан бір арнада қалдырмай, жаңа бағыттарға батыл бет бұрды.

Әуелгі іргелі істердің бірі – мал тұқымын асылдандыру. Қазақтың ақбас сиыры өсіріліп, қой шаруашылығы шарықтады, суармалы алқаптар игерілді. Ірі қара саны 4500 басқа, қой 35 мың басқа дейін жетті. Бір кезде шаруашылық миллион пұт астық жинаған. Жайылымдарды тиімді пайдалану, су көздерін игеру, мал бордақылау кешендерін ұйымдастыру ісі де ілгеріледі. Мұның бәрі бір адамның емес, тұтас еңбек ұжымының маңдай тері екені анық. Алайда, сол көптің күшін бір мақсатқа ұйыстырып, тәуекелге бел буған басшының ұйымдастырушылық қабілетін елемеу де әділетсіз болар еді.

Зәкішевтің ерекшелігі – елдің ертеңіне үйреншікті өлшеммен қарамағаны. Түйе өсіріп, шұбат өндіру, ангор ешкісін, терісі бағалы аңдарды, бал арасын ұстау секілді бастамалары сол кезең үшін тосын жаңалық саналатын. Мәселен, 1990 жылы Талдықорған мен Ақтөбе өңірлерінен 46 түйе әкеліп, жаңа шаруашылыққа жол ашты. Жүн иіру, тоқыма және тері өңдеу жұмыстары ұйымдастырылып, жергілікті тұрғындарға, әсіресе, қыз-келіншектерге еңбек етуге мүмкіндік туды. Өнімді тек өткізіп қана қоймай, оны ұқсатудың қамын ойлау – шаруашылықтың көкжиегін кеңейткен қадам еді.

Біздің есімізде қалған ең үлкен өзгеріс – совхоз орталығының ажары. Көшелерге асфальт төселіп, электр жарығы тартылды, тұрғын үйлер бой көтерді. Мәдениет үйі мен мектеп, екі қабатты музыка мектебі салынды, орталық жылу жүйесі іске қосылды. Ауылдың баласы домбыра мен пианиноның үнін естісін деп аспаптар сатып алынып, арнайы музыка мамандары шақырылды. Ол кезде шаруашылықтың қамы тек қырман мен қораның төңірегінде шешілмейтінін ұғынған азамат сирек еді. Хакім үшін ауылдың ертеңі – білімді, өнерлі ұрпақ болатын.

Мектеп бітірген жастарға шаруашылықтан жұмыс беріп, кейін арнаулы және жоғары оқу орындарына жолдама жіберу де осы ұстанымның көрінісі. Сондықтан, оның жасағанын тек салынған ғимараттармен өлшеу жеткіліксіз. Адамның өміріне жол ашу, жасқа сенім арту – ұзақ жасайтын игілік.

Еңбегінің ел көлемінде бағаланғанына да айғақ бар. Хакім Зәкішев 1976 жылы КОКП-ның XXV съезіне делегат болып қатысып, Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ауыл шаруашылығы қызметкері атанды. Ал, 1999 жылғы 30 қыркүйекте оған «Қарқаралы ауданының Құрметті азаматы» атағы берілді. Дегенмен, біздіңше, оның ең үлкен марапаты – кешегі әріптестерінің, ауыл ақсақалдарының, сол жылдардың куәсі болған жұрттың шынайы ықыласы.

Бүгінде ел аузында Тоқтар аталып жүрген ауылымыздың тарихы Тегісшілдік атауымен де, бұрынғы «Восток» совхозымен де сабақтас. Тоқтар Әубәкіровтің есімімен байланысты ауыл атауының да жұрт үшін өзіндік қадірі бар. Ал, біздің көтеріп отырған мәселеміз – ауылдың Тоқтар атауын өзгерту емес, осы елдімекен орналасқан Тегісшілдік ауылдық округіне Хакім Зәкішевтің есімін беру. Мұны өлкенің өткенін жоққа шығару емес, оның тарихындағы тағылымды бір белесті ұлықтау деп түсінген жөн.

Бұл мәселені алғаш көтеріп отырған жоқпыз. Бұған дейін де тиісті мемлекеттік органдардың табалдырығын аттап, ұсынысымызды жеткіздік. Бір кезде Хакім Зәкішевтің есімін жергілікті мектепке беру туралы бастама да көтерілген. Алайда, жылдар жылжып, талай өтініш жолданғанымен, күткен нақты шешімге қол жеткізе алмай келеміз. Біздің тілегіміз – мәселе аяқсыз қалмай, тұрғындардың пікірі ескеріле отырып, заңда белгіленген тәртіппен әділ қаралса екен.

Өз тарапымыздан қол қусырып отырғанымыз жоқ. Бүгінде ауылда Хакім Зәкішевтің тастұғырын орнату ісін қолға алып, эскиз-жобасын әзірледік. Ұйымдастыру жұмыстары жүргізілуде. Бұл – елдің ықыласын білдіретін бір белгі. Дегенмен, тастан қашалған бейне мен жер атауында сақталған есімнің тағылымы екі бөлек.

Әр дәуірдің өз тұлғасы бар. Хакім Зәкішевтің ауылымызға сіңірген еңбегі өлшеусіз деп білсек, оған өзге азаматтардың қызметін кеміту үшін емес, өз көзімізбен көрген істің бағасын беру үшін айтып отырмыз. Ендігі өтінішіміз – аудан, облыс басшылығы, мәслихат депутаттары мен жауапты мекемелер осы ұсынысқа байыппен қарап, тиісті қоғамдық талқылауға жол ашса. Халықтың тілегі мен тарихи әділет таразы басында тоғысса дейміз.

Ел үшін еткен еңбек ескерусіз қалмаса – көңілге медет. Кеше ауылды көркейткен азаматтың аты ертең сол ауылдың ұрпағына бағыт-бағдар беріп тұрса – одан асқан ғанибет бар ма?! Туған жерге төгілген тердің өтеуі де, азаматтың артында қалған абыройының шынайы өлшемі де осы болса керек. Ел есінде сақталған есімнің жер атауында да жаңғыратын күні туса екен!

Еңбек ардагерлері
Сапар ЖАҚАНОВ,
Берікбол СӘДУАҚАСОВ,
Қайрат НҰРМҰРАТОВ,
Рымбек ӘЛИМОВ,
Сағынтай ӘУБӘКІРОВ
Суреттер авторлардан

Береке берер бастама

Шет ауданында ауыл шаруашылығы саласын жаңғырту және заманауи озық тәсілдерді енгізу жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Жергілікті шаруалар мен кәсіпкерлер өнімділікті арттыру мақсатында жаңа жобаларды қолға алуда. Осы бағытта биыл ауданда жалпы құны 1 миллиард 50 миллион теңгені құрайтын бес ірі қаржылық жоба іске асырылуда. Суармалы жерлерді айналымға енгізу мен мал шаруашылығын үдемелі түрде дамытуды көздейтін бұл бастамалар өңірдің әлеуетін арттыруға және облыстың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

ӨҢІРЛЕРДІ ДАМЫТУ

Назар ӘЛІ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Ауқымды жобалардың басым бөлігі егін шаруашылығын, оның ішінде суармалы алқаптарды көбейтуге бағытталған. Солардың қатарында Красная Поляна ауылдық округіндегі «Шерубай-Су» ЖШС жүзеге асырып жатқан кешенді жоба бар. Серіктестік өз қаражаты есебінен 500 миллион теңге қаржы бөліп, 240 гектар суармалы жерді айналымға енгізуді жоспарлап отыр. Бұл алқапта негізінен картоп өсіріледі. Қазіргі уақытта егістік басында жұмыс қарқынды жүруде: суару қондырғыларының ескі құбырлары жаңасына ауыстырылып, ішкі желілік құрылыс жұмыстары жалғасуда. 2027 жылдың екінші тоқсанында заманауи үлгідегі алты суару қондырғысы толық орнатылып, жоба аяқталуға тиіс.

Өнімді жинап алу, дұрыс сақтау және тасымалдау барысын оңтайландыру мақсатында «Шерубай-Су» ЖШС кешенді жұмыстың екінші кезеңі ретінде құны 100 миллион теңге тұратын картопты тиеу және тарату жабдықтарын сатып алу жобасын қолға алды. Серіктестіктің ішкі қорынан қаржыландырылған бұл бастама биылғы жылдың үшінші тоқсанында толық іске қосылды. Заманауи жабдықтар өнімді жинау, сұрыптау және сақтау орындарына тасымалдау жұмыстарын жеңілдетіп, жұмыс өнімділігін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік беріп отыр. Егіншілік бағытындағы тағы бір жоба Ақшоқы ауылдық округінде жүзеге асуда. «Тиштыбай» шаруа қожалығы 200 гектар суармалы жерді игеріп, бидай өсіруді жоспарлап отыр. Жалпы құны 150 миллион теңгені құрайтын бұл бастама да шаруашылықтың жеке қаражаты есебінен орындалуда. Жобаны биылғы жылдың төртінші тоқсанында толық аяқтап, пайдалануға беру көзделген. Бұл қадамдар өңірдегі астық өндірісінің көлемін ұлғайтуға ықпал етеді.

Егіншілікпен қатар, аудандағы мал шаруашылығы саласы да жаңа озық тәсілдер негізінде дамып келеді. Бұл бағытта мал басын көбейтумен бірге асылдандыру жұмыстарына да басымдық беріліп отыр. Мәселен, Ақсу- Аюлы ауылдық округіндегі «Байназар» шаруа қожалығы 150 басқа арналған заманауи ірі қара мал кешенінің құрылысын бастады. Құны 150 миллион теңге болатын бұл жоба аясында қазіргі уақытта қосымша жер телімдерін рәсімдеу және құрылыс алаңын талапқа сай кеңейту жұмыстары жүріп жатыр. Қожалық «Жайлау» мемлекеттік бағдарламасы арқылы қаржылай қолдау алу үшін құжаттарын жаңартып, іс-жоспарын әзірлеп, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-на тапсырды. Сонымен қатар, кәсіпкер ішкі қорлары есебінен көршілес «Харекет» шаруа қожалығымен 50 бас асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу жөнінде келісімшартқа отырып, алдын ала төлемін жасаған. Асыл тұқымды мал қараша айында ауданға жеткізіледі.

Ақсу-Аюлы ауылдық округінде жеке кәсіпкер Мұратбек Ахметбеков 500 басқа арналған ірі қара мал бордақылау алаңының құрылысын аяқтап, жұмысын бастады. Құны 150 миллион теңгені құрайтын ірі жоба «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның бордақылау алаңдарын несиелендіру бағдарламасы шеңберінде мақұлданып, шаруашылыққа тиісті қаржы толық бөлінген.

Шет ауданында биыл жүзеге асырылып жатқан бұл ауқымды жобалар өңірдің агроөнеркәсіптік әлеуетін жаңа деңгейге көтереді деп күтілуде. Жергілікті кәсіпкерлердің бастамалары мен мемлекеттің қаржылық қолдауының ұштасуы нақты нәтижелерге негіз болуда. Ауыл шаруашылығы саласына бағытталған бір миллиард теңгеден астам қаржы жаңа жұмыс орындарын ашуға, ішкі нарықты отандық өніммен қамтуға және аудан қазынасына тұрақты табыс әкелуге қызмет етеді. Алдағы жылдары бұл жобалар толық қуатына енген кезде, Шет ауданының аграрлық әлеуеті артып, ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемі еселене түспек. Бұл саладағы жүйелі жұмыс пен нақты жоспарлардың нәтижесі өңірдің тұрақты өркендеуіне өзіндік үлесін қосатын болады.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

● ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Жаңарған нысан, жайлы жағдай

Жақында Балқаштың күрделі жөндеуден өтіп, заманауи талаптарға сай жаңғыртылған «Балқаш-2» теміржол вокзалы салтанатты түрде қайта ашылды. Жаңарған нысанның ашылу рәсіміне қала тұрғындары, теміржол саласының өкілдері, сала ардагерлері мен арнайы шақырылған қонақтар қатысты. Көпшілік үшін бұл – жай ғана вокзалдың жаңаруы емес, шаһардың көлік инфрақұрылымын дамыту жолындағы елеулі қадам.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Салтанатты шарада Балқаш қаласы әкімінің орынбасары Руслан Сыздықов, Қарағанды магистральдық желі бөлімшесі филиалының басшысы Марат Ибраев және теміржол саласының ардагері Аманжол Омаров құттықтау сөз сөйлеп, жаңарған вокзалдың қала өміріндегі маңызына тоқталды.

Жиында сөз алған Қарағанды магистральдық желі бөлімшесі филиалының басшысы Марат Ибраев теміржол нысандарын жаңғырту – саланың тұрақты дамуы мен жолаушыларға көрсетілетін қызмет сапасын арттырудың маңызды тетігі екенін атап өтті.

– Теміржол – ел экономикасының күретамыры, ал вокзал – жолаушының сапары басталып, сапары аяқталатын маңызды орын. Балқаш-2 вокзалының жаңаруы – жекелеген нысанды жөндеумен шектелмейтін ауқымды бағдарламаның бір бөлігі. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 12 сәуірдегі №231 қаулысына сәйкес, Қарағанды учаскесіндегі қайта жаңарту бағдарламасына барлығы 17 нысан енгізілген. Оның 14-і – теміржол вокзалы, үшеуі – жолаушылар платформасы. Бұл – еліміздің теміржол инфрақұрылымын кезең-кезеңімен жаңғыртуға бағытталған маңызды бастамалардың бірі. Себебі, вокзалдардың жай-күйі жолаушыларға көрсетілетін қызмет сапасына, сапардың қолайлылығы мен қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді. Алдағы уақытта да теміржол инфрақұрылымын дамыту, қызмет сапасын жақсарту бағытындағы жұмыстар жалғасын табады, – деді Марат Ибраев.

Сондай-ақ, салтанатты рәсімде теміржол саласының ардагері Аманжол Омаров та ізгі тілегін білдірді. Ол вокзалдың тарихына тоқталып, теміржол нысандарының ұрпақтар сабақтастығындағы орнына ерекше мән берді.

– Вокзалдың тарихы тереңде. 1976 жылдан бері талай буынның өмірімен біте қайнасқан нысанның бүгін жаңарып, қайта ашылып отырғаны біз үшін ерекше қуанышты сәт. Теміржол саласында еңбек еткен адам үшін мұндай жаңалықтың орны бөлек. Вокзал – тек пойыз күтіп алатын ғимарат емес, ол – талай адамның жолға шығар алдындағы үміті мен туған жерге оралғандағы қуанышы тоғысатын мекен. Жаңарған вокзал халық игілігіне қызмет етіп, ұзақ ғұмыры ұзақ болсын, – деді ардагер.

Айта кетейік, «Балқаш-2» теміржол вокзалы 1976 жылы пайдалануға берілген. Бүгінде ол 4-сыныпты аралық станция ретінде жұмыс істейді. Станция арқылы тәулігіне жолаушылар ағыны 713 адамды құрайтын 9 жұп пойыз қатынайды. Бұл көрсеткіш вокзалдың қала тұрғындары үшін ғана емес, өңірдегі жолаушылар қатынасы үшін де маңызы зор екенін аңғартады. Жаңғырту жұмыстары «Қарағанды облысының Балқаш қаласындағы «Балқаш-2» станциясын реконструкциялау» жобасы аясында жүзеге асырылды. Мемлекеттік сараптаманың қорытындысына сәйкес, жобаны іске асыру құны 1 млрд 355 млн 723 мың теңгені құрайды. Жұмыстар 2025 жылдың шілде айында басталып, 2026 жылдың қазан айында аяқталды.

БАЛҚАШ

● БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Кіріс көбейсе, өріс кең

Аймақта 2026 жылдың алғашқы тоғыз айында мемлекеттік бюджетке 577,8 млрд теңге түсім түсіп, жоспар 99,3 пайызға орындалған. Оның ішінде, республикалық бюджетке 294,2 млрд теңге, жергілікті бюджетке 283,7 млрд теңге бағыталыпты. Салық түсімдерінің өсуі, берешекті азайту, көлеңкелі экономикаға қарсы күрес, заңсыз тауар айналымын анықтау – мемлекеттік кірістер органдары жұмысының негізгі бағыттары жөнінде өңірлік коммуникациялар алаңында өткен брифингте Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы Біржан Үсембаев тоғыз айдың қорытындысын жариялап, атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттерге тоқталды.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Дерекке сүйенсек, республикалық бюджет бойынша жоспар 100,9 пайызға орындалып, межеленген 291,7 млрд теңгенің орнына 294,2 млрд теңге түскен. Жоспардан тыс түсім – 2,5 млрд теңге. Ал, жергілікті бюджетке жоспарланған 290,3 млрд теңгенің 283,7 млрд теңгесі түсіп, орындалу деңгейі 97,7 пайызды құрап отыр.

Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда республикалық бюджетке түсетін түсім 16,6 пайызға өскен. Нақтырақ айтсақ, кіріс көлемі 252,3 млрд теңгеден 294,2 млрд теңгеге жетіп, 41,9 млрд теңгеге артқан. Экономиканың өзге салаларындағы кәсіпорындардан түсетін төлемдер де 52,4 млрд теңгеге өскен.

Салық берешегін азайту бағытында да жұмыс жүргізілуде. 2026 жыл 1 қазандағы жағдай бойынша облыстағы берешек 29,7 млрд теңгені құрап, жыл басындағы жағдаймен салыстырғанда 1,8 млрд теңгеге төмендеген. Бұған салық төлеушілермен жүргізілген жұмыс, берешекті өндіру шаралары және міндеттемелердің уақытылы орындалуын бақылауды күшейту ықпал еткен.

Есепті кезеңде мемлекеттік кірістер органдары 608 167 мемлекеттік қызмет көрсетсе, оның 607 091-і электронды форматта, 1 006-сы қағаз түрінде, 70-і «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы ұсынылған. Көрсетілген қызметтер саны былтырғыдан 56 813-ке азайғанымен, электронды қызметтердің үлесі 99,5 пайыздан 99,8 пайызға дейін өскен.

Көлеңкелі экономикаға қарсы күрес те назардан тыс қалған жоқ. Жыл басынан бері экономикалық тергеп-тексеру департаментіне бюджетке келтірілуі мүмкін 40,2 млрд теңге залал туралы 21 талдамалық қорытынды жолданған. Осы материалдар бойынша жалған шот-фактуралар жазу, яғни, іс жүзінде жұмыс орындалмай, қызмет көрсетілмей немесе тауар жеткізілмей шот-фактура рәсімдеу деректерімен екі қылмыстық іс қозғалған. Болжамды залал – 5,5 млрд теңге. Бұдан бөлек, мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотқа жалпы айналымы 7,3 млрд теңге, оның ішінде қосылған құн салығы 765 млн теңгені құрайтын 36 талап арыз берілген. Сот олардың сегізін қанағаттандырған. Бұл талаптар бойынша мәмілелердің жалпы айналымы 812 млн теңге болған.

Ал, акцизделетін өнімдердің заңсыз айналымын анықтау барысында 433,5 мың қорап темекі, 904,5 тонна мұнай өнімі және 8 233 литр алкоголь тәркіленген. Былтырғы сәйкес кезеңде 54,7 мың қорап темекі анықталып, 378,8 мың қорапқа артқан. Шілде айында Қарағанды қаласында жүргізілген тақырыптық салықтық тексеру кезінде жалпы құны 42,9 млн теңге болатын 89,5 мың қорап контрабандалық темекі тәркіленген.

Салықтық тексерулер аясында тоғыз айда 105 тексеру жүргізілген. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1 пайызға көп. Тексеру нәтижесінде 5,2 млрд теңге қосымша салық есептеліп, 30 қыркүйектегі жағдай бойынша оның 2,1 млрд теңгесі өндірілген. Бұл бағыттағы салық көлемі былтырғыдан 2,9 млрд теңгеге, яғни, екі еседен астам өскен. Департамент басшысы тексерудің мақсаты субъектілер санын көбейту емес, салық міндеттемелерінің толық орындалуын қамтамасыз ету екенін атап өтті.

Жеке тұлғалардың банкроттығы рәсімі бойынша да мәлімет берілді. Заң қолданысқа енгізілгеннен бері облыста соттан тыс банкроттыққа 23 628 өтініш түссе, оның 4 290-ы бойынша азаматтар банкрот деп танылған, 17 632 өтініш бойынша бас тартылған. Тағы 262 өтініш қаралуда, 190 рәсім тоқтатылған, 984 өтініш қаржылық мониторинг сатысында. 2026 жылдың басынан бері 8 042 өтініш түсіп, 1 775 азамат банкрот деп танылған.

Жергілікті салықтар бойынша көлік салығынан бюджетке 6,7 млрд теңге, мүлік салығынан 639,7 млн теңге түскен. Ал, жеке тұлғалардың осы салықтар бойынша берешегі 1,4 млрд теңгені құрайды. Оны азайту мақсатында тоғыз айда 444 рейдтік іс-шара өткізіліп, 77,3 млн теңге өндірілген. Сонымен қатар, 982,5 млн теңгеге 10 570 салық бұйрығы шығарылып, оның 2 762-сі бойынша 212,6 млн теңге өндірілген.

Әкімдікпен бірлесіп жүзеге асырылып жатқан салық базасын кеңейту және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жоспары да қосымша түсімдердің көзіне айналған. 2025 жылғы ақпанда бекітілген жоспар іске асқалы жергілікті бюджетке 4 млрд теңгеге жуық қосымша қаражат түскен. Оның 1,5 млрд теңгесі 2025 жылы, 2,5 млрд теңгесі 2026 жылдың тоғыз айында қамтамасыз етілген. Әсіресе, жалдамалы жұмысшылардың табысын толық көрсету және жұмыс берушілермен нысаналы түсіндіру жұмыстары нәтижесінде 2,3 млрд теңге қосымша түсім түскен.

Кеден саласында тоғыз айда 25 720 тауар декларациясы рәсімделіп, былтырғыға қарағанда 19,77 пайызға көп. Оның 10 996-сы экспортқа, 9 687-сі импортқа, 5 137-сі өзге кедендік рәсімдерге қатысты. Сонымен бірге, 504 әкімшілік құқық бұзушылық анықталып, жалпы сомасы 409,4 млн теңге айыппұл салынған.

Салық мәдениетін қалыптастыру мақсатында департамент пен аумақтық басқармалар 12 954 түсіндіру іс-шарасын өткізген. Байланыс орталығы 18 мыңнан астам өтініш қабылдаған. «Халық бухгалтері» акциясы аясында 56 ашық есік күні ұйымдастырылып, оған 2 290 салық төлеуші қатысқан. Нәтижесінде 4 130 сауал қаралған.

– Мемлекеттік кірістер органдарының басты міндеті – бюджетке түсетін түсімдердің толықтығын қамтамасыз ету, адал бизнеске тең жағдай жасау және көлеңкелі экономиканың үлесін төмендету. Бұл бағыттағы жұмыс алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасады, – деді Біржан Үсембаев.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«KazPetroAlliance» ЖШС (БСН 241140009276) 08.09.2026 жылғы №4844-EL лицензия бойынша ҚПҚ барлау жоспары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. Тыңдаулар мына мекенжай бойынша өтеді: Қарағанды обл., Қарқаралы ауд., Ақтасты ауылы, әкімдік ғимараты:

11.12.2026ж. сағат 11:00-де Ықтимал әсерлер туралы есеп жобасы бойынша тыңдаулар өтеді. Онлайн қатысу: сәйкестендіргіш 817 782 8008, кіру коды 12345

11.12.2026ж. сағат 12:00-де Қоршаған ортаға әсер етуге арналған экологиялық рұқсат алу үшін әзірленген жобалық материалдар бойынша тыңдаулар өтеді. Онлайн қатысу: сәйкестендіргіш 817 782 8008, кіру коды 12345

ЖАО: «Қарағанды облысының ТР және ТПРБ» ММ; expertiza.upr_krg@mail.ru. Құжаттама ҰДБ https://ndbecology.gov.kz/ порталында және ЖАО-ның сайтындағы орналастырылған. Ескертулер мен ұсыныстар ҰДБ порталында немесе expertiza.upr_krg@mail.ru поштасына қабылданады. Ақпарат алу үшін: 87058743858, ip.pshenchinova@mail.ru

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «KazPetroAlliance» (БИН 241140009276) уведомляет о проведении общественных слушаний по Плану разведки ТПИ по лицензии №4844-EL от 08.09.2026г., которые пройдут: Карагандинская обл., Каркаралинский р-он, с.Актасты, здание акимата:

11.12.2026г. в 11:00 состоятся по проекту Отчета о возможных воздействиях. Онлайн-участие: идентификатор 817 782 8008, код 12345

11.12.2026г. в 12:00 состоятся по проектным материалам для получения экологического разрешения на воздействие. Онлайн-участие: идентификатор 817 782 8008; код 12345

МИО: ГУ «УПРиРП Карагандинской области»; expertiza.upr_krg@mail.ru. Документация размещена на портале НБД https://ndbecology.gov.kz/ и на сайте МИО. Замечания и предложения принимаются на портале НБД либо на почту expertiza.upr_krg@mail.ru. За информацией обращаться: 87058743858, ip.pshenchinova@mail.ru

№252

ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

«Қарағанды облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесінде сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін сенім телефоны 21-32-06 жұмыс істейді.

к

● БӘРЕКЕЛДІ!

Мансаптың жаңа мүмкіндіктері

Жасанды интеллект технологиясы күнделікті өмірмен қатар, еңбек нарығы мен кәсіби даму саласына да дендеп еніп келеді. Енді мамандар өз мүмкіндіктерін бағалап қана қоймай, мансаптық өсу үшін қандай дағдыларды меңгеру керектігін де интеллектуалды жүйелер арқылы анықтай алады. Осы бағытта тың бастама көтерген Қарағанды техникалық университетінің магистранттары халықаралық хакатонда жүлделі орынға ие болды. Олар әзірлеген Career Quest платформасы қызметкерлердің кәсіби әлеуетін бағалап, мансаптық дамуына бағыт-бағдар береді.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

HackAlem AI 2026 халықаралық хакатонына 2 400-ден астам адам қатысып, қатысушылар саны бойынша Гиннестің рекордтар кітабына енді. Байқауға жалпы саны 1 066 жоба ұсынылды. Олардың ішінен 60 команда ғана финалға жолдама алды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер энергетика, қаржы, басқару, телекоммуникация, логистика, білім беру, сауда және креативті индустрияны қамтитын 12 бағыт бойынша анықталды.

Осындай ауқымды додада Қарағанды техникалық университетінің магистранттарынан құралған MetaJuniors командасы да бақ сынады. Инновациялық технологиялар факультетінің «Жасанды интеллект» мамандығында білім алып жатқан Арман Шерім, Рахат Әлиев және Жандос Ақтаев «Басқару» бағыты бойынша Career Quest жобасын ұсынып, үшінші орынды иеленді. Жас зерттеушілердің білім мен технологияны ұштастыра отырып, еңбек нарығындағы өзекті мәселелерге шешім ұсынуға талпынысының нәтижесі.

Команда әзірлеген Career Quest платформасының негізгі мақсаты – қызметкерлердің кәсіби өсуіне мүмкіндік жасау. Жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін жүйе маманның бойындағы дағдыларды саралап, қызмет сатысымен жоғарылау үшін қандай құзыреттерді меңгеру керектігін анықтайды. Талдау қорытындысы бойынша, әр қызметкерге жеке даму бағдары ұсынылады. Осылайша, маман өзінің қазіргі кәсіби деңгейін бағалап, алдағы уақытта қандай бағытта жұмыс істеу қажеттігін түсіне алады.

Жобаның ерекшелігі – кәсіби дамуды жалпылама кеңестермен шектемей, әр адамның жеке мүмкіндіктеріне қарай бағыттауға ұмтылуында. Себебі, еңбек нарығында бір салада жұмыс істейтін мамандардың өзінде атқаратын міндеттері мен кәсіби құзыреттеріне қойылатын талаптар әртүрлі болуы мүмкін. Бір қызметкерге басқарушылық қабілетін жетілдіру маңызды болса, екіншісіне техникалық білімін тереңдету немесе жаңа дағдыларды меңгеру қажет. Осындай айырмашылықтарды ескеру қызметкердің даму жолын нақтылауға мүмкіндік береді. Жобаның дүниеге келуіне ірі компаниялар қызметкерлерінің алдында жиі кездесетін мәселе түрткі болған. Атап айтқанда, мамандар мансаптық өсу үшін қандай дағдыларын жетілдіруі керектігін, қай бағытқа басымдық бергені жөн екенін және кәсіби дамуды неден бастаған дұрыс екенін әрдайым біле бермейді. Мұндай жағдайда адамның тәжірибесі мен әлеуеті болғанымен, оны келесі кәсіби деңгейге жеткізетін нақты даму жоспарының болмауы мүмкін.

– Біз жасанды интеллектіге негізделген тағы бір құрал жасауды емес, адамның кәсіби жолында алға жылжуына нақты көмектесетін шешім ұсынуды мақсат еттік. Ірі ұйымдарда қызметкерлер келесі лауазымға көтерілу үшін қандай құзыреттер қажет екенін, ең алдымен нені дамыту керектігін және неден бастауға болатынын түсінуде қиындықтарға кезігеді. Career Quest осы сауалдарға жауап беріп, кәсіби дамудың айқын жоспарын құруға мүмкіндік береді, – дейді команда мүшесі Рахат Әлиев.

Бүгінде кәсіби құзыреттерді үнемі жетілдіру еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілікті сақтаудың маңызды шарттарының біріне айналды. Әсіресе, технологиялық өзгерістер жылдам жүріп жатқан кезеңде мамандардың жаңа білім мен дағдыларды игеруі өзекті. Осы тұрғыдан алғанда, Career Quest секілді цифрлық шешімдер қызметкердің жеке дамуына ғана емес, ұйымдардың адами капиталды тиімді басқаруына да ықпал ете алады. Әзірге Career Quest – хакатон аясында жасалған жобаның бастапқы нұсқасы. Дегенмен, команда қол жеткізген нәтижемен тоқтап қалмақ емес. Алдағы уақытта жеке ұсынымдар әзірлеу алгоритмдерін жетілдіріп, платформаны түрлі ұйымдардың нақты жұмыс үдерістеріне бейімдеуді көздеп отыр. Бұл оның қолдану аясын кеңейтіп, кәсіби даму саласындағы мүмкіндіктерін арттыруға жол ашуы мүмкін.

Қарағандылық магистранттардың халықаралық деңгейде мойындалған жобасы жасанды интеллектіні нақты өмірлік міндеттерді шешуге бағыттаудың маңызын көрсетеді. Жастардың ғылыми ізденісі мен технологиялық бастамалары осындай бәсекелерде сыналып, болашақта отандық цифрлық өнімдердің дамуына негіз бола алады.

● АЛҒЫС АЙТСАМ ДЕП ЕДІМ...

Үміт сыйлады

Адам өміріне араша түсіп, талай жанның үмітін қайта оятатын ақ халатты абзал жандардың еңбегі қашанда құрметке лайық. Әсіресе, күрделі оталарға тәуекел етіп, өзгелердің қолынан келе бермейтін жауапты міндетті мойнына алған білікті дәрігерлердің еңбегі ерекше бағалауға тұрарлық.

Жақында профессор Х.Махажанов атындағы облыстық көпбейінді аурухана нейрохирургия орталығының жетекшісі, білікті нейрохирург Ғабит Махамбаев 28 жастағы Ернат Керімбайға аса күрделі ми операциясын жасады. Бұл – үлкен кәсіби шеберлікті, терең білім мен мол тәжірибені, асқан дәлдік пен жауапкершілікті талап ететін сирек кездесетін отаның бірі. Мұндай күрделі операцияны кез келген хирург жасай алмайтыны белгілі.

Ернаттың тағдырына үңілсек, жүректі тебірентетін ұзақ жылдарға созылған күресті көреміз. Ол бала кезінен ауыр дертпен арпалысып келеді. Аурудың алғашқы белгілері үш айлық кезінде қалыпты екпеден кейін байқалған. Сол уақыттан бері қайталана берген ұстамалар оның да, отбасының да өміріне оңайлықпен ұмытылмас сынақ салды.

Дәрігерлер қойған диагноз – мидың құрылымдық өзгерістеріне байланысты дамыған, моторлық (қозғалыстық) ұстамалары бар ошақты эпилепсия.

Бұл дерт Ернаттың қалыпты өмір сүруіне, еркін қозғалып, еңбек етуіне елеулі кедергі келтірді. Жылдар бойы ем қабылдап, талай дәрігердің көмегіне жүгінгенімен, аурудың түбегейлі шешімін табу оңайға соқпады. Осы уақытқа дейін мұндай күрделі операция жасау мүмкіндігі болмаған еді.

Міне, осындай жауапты сәтте Ғабит Жанділдәұлының кәсіби біліктілігі мен батыл шешімі Ернат үшін үлкен үмітке жол ашты.

Операция сәтті аяқталып, Ернаттың жағдайы бүгінде бірқалыпты. Денсаулығы тұрақты. Дәрігерлер науқастың жағдайын бақылап, хабар алып отыр.

Тағы бір қуанышты жайт – бұл күрделі операция Ернатқа мемлекет есебінен, тегін жасалды. Осы тұста отандық медицинаның мүмкіндігін, білікті мамандардың әлеуетін және азаматтардың сапалы медициналық көмек алуына мемлекет тарапынан жасалып отырған қолдауды атап өткен жөн.

Осы орайда, Ернаттың туған жері Балқаш қаласының дәрігерлеріне де ерекше алғыс айтқым келеді. Балқаш қалалық ауруханасының қызметкерлері осы жылдар бойы оның денсаулығын қадағалап, медициналық көмек көрсетіп, жанашырлық танытып келді.

Ал, Ғабит Махамбаевқа айтар алғысымыз шексіз. Ақ халатты абзал жандардың жұмысы – адам өміріне араша түсуді, өзгенің қайғысын жүрекпен сезінуді, қиын сәтте жауапкершілікті өз мойнына алуды талап ететін қасиетті қызмет. Осындай аса күрделі операцияны жоғары кәсіби деңгейде орындап, Ернатқа өшпес үміт сыйлаған дәрігердің еңбегі зор құрметке лайық.

Біз осындай білікті де білімді, өз ісіне адал, адам өмірін бәрінен биік қоятын дәрігерлеріміз бар екенін мақтан тұтамыз.

Жақсыбай НҰРМАҒАМБЕТОВ,
еңбек ардагері

• БАЙҚАУ

Қасым жырын қастерлеп...

Қарағанды гуманитарлық колледжінде дауылпаз ақын Қасым Аманжоловтың 115 жылдығына арналған облыстық байқау өтті. Бұл – Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының қолдауымен жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын байқау. Биылғысы – бесінші. Салтанатты ашылу рәсіміне алыс-жақыннан арнайы шақыртылған құрметті меймандар қатысты.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының басшысы Бақытгүл Әбдікерова Қасым ақынның шығармашылығы жас ұрпақты отаншыл етіп тәрбиелеуде маңызды рөл атқаратынын айтты.

– Жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру ісіне келсек, мектеп бағдарламасына Қасым Аманжоловтың шығармалары енгізілді. Оның «Ақын өлімі туралы аңыз» секілді іргелі туындыларында жігіттің рухын оятып, еңсесін тіктейтін, көзінде от жағатын жасынның жарқылы бар. Музыка пәнінде де мұғалімдер оқушыларға Қасымның әндерін шырқатады. Қасымның өлеңдері қандай өміршең болса, әндерін де халық шын ықыласпен тыңдап, шын ықыласпен шырқап келеді. Бірақ, біз Қасымды насихаттауды бәсеңдетпеуіміз керек, – деді Бақытгүл Әбдікерова.

Ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Бағдат Мүбәрак Қасымның насихатталуына қатысты пікірін білдірді.

– Мұқағали секілді Қасым республикалық деңгейде дәріптеліп жатқан жоқ. Мұқағали оқулары еліміздің түпкір-түпкірінде өтіп жатыр. Қасым болса, осы өңірдің аумағынан шыға алмай қалды. Сіз болып, біз болып осы олқылықтың орнын толтыруымыз керек, – деді Бағдат Мүбәрак.

Тағылымды іс-шараға Қасым ақынның ағасы Ахметжанның немересі Рымжан Рақымжанов та арнайы қатысты. Сонымен қатар, Қасым Аманжоловтың қызы Жанна Қасымқызы мен ақынның ағасы Тайжанның немересі Дәмегүл Рақымжанова бейнежазбасы көрсетілді. Олар дауылпаз ақынның сәулелі бейнесі мен ақын жайлы естеліктерін айтты.

– Арғы атамыз Рақымжанның Нығметжан, Ахметжан, Тайжан және Қасым есімді төрт ұлы болған. Әкеміз бізге Қасым атамыз туралы көп айтатын. Оның айтуынша, Қасым атамыз асық, тоғызқұмалақ ойындарына шебер, зейінді болған екен. Музыкалық талантты, тіпті, бөлек әңгіме. Қасым атамыз домбыраны арқасына қойып шертіпті. Әрі ақын, әрі композитор. Гитара, домбыра, сыбызғы, фортепиано сияқты аспаптарды меңгергені туралы әкеміз сүйсіне әңгімелейтін. Оның айтуынша, Қасым атамыз ағайындарына өте қамқор, бауырмал жан болған. 1941 жылы Тайжан атамыз майданға аттанып, хабар-ошарсыз кетеді. Сол кезде Қасым атамыз ағасының отбасына қамқорлық жасаған. 1950 жылы Семей қаласында өткен әкімнің тойына арнайы келген екен, – деді Дәмегүл Рақымжанова.

Сарыобалы ауылының тұрғыны, ақын мұрасын насихаттаушы Дәулетқазы Егізбаев Қасым ақынның шыққан тегіне тоқталды.

Қарқаралы ауданына қарасты Қасым Аманжолов ауылындағы №19 тірек мектебінің директоры Мақсат Оспанқұлов та құрметті меймандардың қатарында. Ақын, Қазақстан Жазушылар одағының өңірдегі филиалын басқарып отырған Жанат Жаңқашұлы Қасым Аманжолов атындағы республикалық деңгейдегі жыр мүшәйраларының жетістіктерімен бөлісті.

Байқау 4 номинация бойынша өтті. Бірінші номинация – «Барым да, бақытым да – осы өлеңім». Бұл бағытта қатысушы ақынның 5 өлеңін жатқа оқыды. Екінші номинация «Ей, тәкәппар дүние! Маған да бір қарашы...» деп аталды. Мұнда колледж қабырғасындағы жас ақындар Қасым Аманжоловқа арнаған авторлық туындыларын ұсынды. «Сен неткен бақытты едің, келер ұрпақ…» аталымында ақынның ғұмыры мен шығармашылығы қамтылған TEDx форматындағы монологтарын оқыды. «Ұстазым, сенсің ұланымның ертеңі!» аталымында ұстаздар эссе жазды.

Биылғы байқауға 70-тен астам студент қатысты. Ұйымдастырушылардың сөзінше, байқауға қатысушылардың саны жыл өткен сайын артып келеді.

Сурет автордан

• ПРЕМЬЕРА

Екі дүниенің диалогы

Аз уақыт ішінде қарағандылық театр сүйер қауымның ыстық ықыласына бөленіп үлгерген тәуелсіз «Дат» театры көрермендерімен қайта қауышты. Бұл жолы Родион Белецкийдің «Айтылмай кеткен әңгіме» психологиялық драмасының премьерасын ұсынды. Сүйекті туындыны тәржімалаушы да, режиссер-сценографы да – Дунай Еспаев.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Айтылмай кеткен әңгіме» – достықтың қадірі, адамдық жауапкершілік, кешірім мен жан дүниенің кір-қоңнан арылуы туралы психологиялық драма. Туындыдан балалық шақтағы достықтың, жастықтың алаңсыз күндердің, ұмытылмас қызықтар мен жүректе сақталған естеліктердің жылы лебі де, мұңы мен жарасы да еседі.

Жылдар өткен соң бала кезгі достардың арасында аяқталмай қалған бір әңгіме қайта жалғасады. Күлкі мен сағынышқа толы естеліктер бірте-бірте іште қатқан өкінішке, айтылмаған шындық пен жауапсыз қалған сұрақтарға ұласады.

Спектакль кезінде көрерменнің көкейінде «Неге біз ең жақын адамдарымызға ең маңызды сөздерді дер кезінде айта алмаймыз?» деген сауал туатындай.

Бұл қойылымда өткен күндер қайта тіріліп, естеліктер сахнадағы шынайы ойынға айналады. Ал, екі достың қарапайым әңгімесі әр көрерменді өз өміріне үңілуге жетелейді.

Адам өткенді өзгерте алмайды. Өткен шақта әр адамның бір айтылмай қалған әңгімесі бар. Сол әңгіме кейде саналы жанның жүрегін тырнайды да.

Спектакльде Кейіпкердің образын Адай Әбеу, Аянның рөлін Төлеген Қозы есімді жас актерлер сомдады. Әуенмен көркемдеуші – Тоқтар Кәрібай. Моноспектакльде екі-ақ актер ойнайды.

– Аянның түпнұсқадағы есімі – Игорь. Аян деген есімді өзім қойдым. Спектакльде Аян арғы дүниеден мына дүниеге досымен сөйлесу үшін келеді. Персонажға дайындық барысы өте күрделі болды. Кейіпкерімді сәтті сомдап шығу үшін түрлі фильмдерді көрдім. Жұмыста да, үйде де Аянның сөздері көкейімде сайрап тұрды, – деді Төлеген Қозы.

7 қараша күні «Дат» театры «Сезімдерміз ғой» деген музыкалық-поэзиялық қойылымды көрерменге ұсынады. Ал, 8 қарашада «Айтарым бар әлі» атты ашық микрофон алдындағы поэтикалық кешпен сахнаға шықпақ.

Сурет театрдың баспасөз қызметінен

• ХОККЕЙ

Ел намысын қорғайды

«Сарыарқа» хоккей клубының қос ойыншысы ел намысын халықаралық аренада қорғамақ. 5-8 қараша аралығында Оңтүстік Кореяның Чонджу қаласында өтетін Азия чемпионатына Қазақстан ұлттық құрамасы сапында қорғаушы Эдуард Михайлов пен шабуылшы Александр Борисевич қатысады.

Құрлықтық додаға еліміздің Pro Ligasy чемпионатында өнер көрсететін клубтардың үздік ойыншыларынан жасақталған ұлттық құрама аттанады. Солардың қатарынан табылған «Сарыарқаның» қос хоккейшісі де биылғы маусымда нәтижелі ойынымен көзге түсіп жүр.

Атап айтқанда, қорғаушы Эдуард Михайлов тұрақты чемпионаттағы 26 кездесуде 25 ұпай еншіледі. Оның үшеуі – соғылған шайба, ал 22-сі – нәтижелі пас. Осы көрсеткішімен ол өз амплуасындағы ең нәтижелі ойыншылар қатарынан көрініп отыр. Айта кетейік, Эдуард көктемде де ұлттық құрама жейдесін киіп, Қазақстанның элиталық дивизионға қайта оралуына үлес қосқан болатын.

Ал, шабуыл шебіндегі Александр Борисевич те нәтижелілігі жағынан командаластарынан қалысар емес. Ол биылғы маусымда 25 матч өткізіп, 29 ұпай жинады. Қарсыластар қақпасына жеті шайба тоғытып, әріптестеріне 22 нәтижелі пас берген. Сондай-ақ, шайбаға талас кезіндегі жекпе-жектердің 60 пайызында басым түскен.

Ішкі біріншілікте шеберлігін шыңдап жүрген қос сарыарқалық енді ұлттық құрама сапында құрлық додасына ат қосады. Жерлестеріміздің халықаралық мұз айдынында да нәтижелі ойын өрнегін көрсетіп, ел мерейін үстем етеріне сенім мол.

Өз тілшімізден

• ФУТЗАЛ

Жақсының турнирінде жарысты

Қарағандыдағы «Жастар» спорт кешенінде қоғам қайраткері Балапан Әбеновті еске алуға арналған 2013-2014 жылы туған жасөспірімдер арасында футзалдан республикалық турнир өтті. Дәстүрлі додаға Қарағанды және Ұлытау облыстарынан 20 команда қатысып, өзара мықтыны анықтады. Айта кетейік, аталған турнир өңірде 2018 жылдан бері тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді. Жыл өткен сайын жарыстың ауқымы кеңейіп, қатысушылардың да қатары артқан. Биылғы бәсекеде 240 жас футболшы бақ сынап, төрт күн бойы алаңда шеберліктерін сарапқа салды.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Турнирдің ашылу салтанатында қатысушыларға мемлекет қайраткері Құдайберген Бексұлтанов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Рымбала Омарбекова, Қарағанды облыстық сотының бұрынғы төрағасы Ерден Арипов, Қарағанды облысы бойынша Сот әкімшілігі департаментінің басшысы Мирлан Қызылов және Балапан Зипатоллаұлының жұбайы Бота Әбенова құттықтау сөз сөйледі. Балапан Әбенов туралы естеліктерімен бөлісіп, жарыстың жоғары деңгейде өтуіне ниеттестік білдірді.

– Балапан Әбенов секілді азаматтың құрметіне арналған футбол турнирі биыл сегізінші рет өткізіліп отыр. Сондықтан, Балапан Зипатоллаұлының өмірбаяны мен жүріп өткен жолын зерттеп, өнегелі өмірі – тағылым. Әрқайсыңыздың елге танылған азамат болып қалыптасуға мүмкіндіктеріңіз бар. Сол мүмкіндікті тиімді пайдаланып, биік белестерді бағындыруға ұмтылыңыздар, – деді Рымбала Омарбекова.

Ал, Құдайберген Бексұлтанов жас буынның бойында отансүйгіштік қасиетті қалыптастыруда спорттың маңызы зор екенін атап өтті.

Командалар арасындағы бәсеке де қыза түсті. Ойыншылардың әрқайсысы өз командасының жеңісіне үлес қосып, чемпиондық кубокты иеленуге үмітті.

Солардың бірі – теміртаулық «Теміртау жастары» командасының жартылай қорғаушысы Павел Пацуков. 12 жастағы футболшының осы спорт түрімен айналысып жүргеніне сегіз жылдың жүзі болған.

– Біздің командада 12 ойыншы бар. Бұл турнирге тыңғылықты дайындалдық. Теміртау стадионында жаттығып, ойын тактикасы мен доп тебу әдістерін пысықтадық. Жарыстың алғашқы күні Ақтоғай және Осакаров ауданының командасын жеңдік. Жарыс барысында үш гол соғып, бірнеше нәтижелі пас бердім, – деді ол.

Төрт күнге созылған тартысты бәсеке қорытындысында Доскей кентінің командасы қарсыластарынан басым түсіп, турнир жеңімпазы атанды. Ал, Теміртаудың «Спарта» командасы күміс жүлдені иеленсе, Абай ауданының «Жастар» командасы жүлделі III орынға тұрақтады.

Жарыс барысында жеке шеберлігімен көзге түскен жас футболшылар да арнайы марапаттарға ие болды. Атап айтқанда, теміртаулық «Спарта» командасының қақпашысы Әлихан Меңдібаев «Үздік қақпашы» атанса, Доскей кентінің ойыншысы Төкен Ислам «Үздік шабуылшы» номинациясын жеңіп алды. Абайлық Әлішер Кенжеғалиев «Үздік қорғаушы» деп танылды. Сонымен қатар, «Жастар-2014» командасының ойыншысы Бекасыл Жаңабай «Көрермендер көзайымы» атанса, Пришахтинск командасының өкілі Әлихан Курамысов турнирдің «Ең жас ойыншысы» деп танылды.

Сурет ұйымдастырушылардан

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті
Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС
Директор **Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары **Станислав Альбертович ПЕСНЕВ**
Директордың орынбасары **Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА**
Бас редактор **Е.К. МҰСАБЕК**
Бас редактордың орынбасары **Қ.А. АЙТЖАН**
Сайт редакторы **А.Ә. СОВЕТ**
Жауапты хатшы **С.Б. ІЛИЯШ**

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 8-701-185-82-14;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 3 140

№122 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Жамал СОВЕТҚЫЗЫ**